

# ШЕТ ШҰҒЫЛАСЫ



Суретте: кәсіпорынның бас директоры С.Қойшанұлы және Ә.Сәлімбаев атындағы спорт кешені.

Шет аудандық қоғамдық-саяси газеті | Газет 1937 жылдан бастап шығады | Бейсенбі, 4 ақпан 2016 жыл №05 (10 574)



## ЭКСПО жаңалықтары

### EXPO-2017 ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІНІң «ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕР АЙМАҒЫ» ПАВИЛЬОНЫ ҮШІН Ең ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРДІ ІРІКТЕУ БАСТАЛДЫ

«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесінің «Үздік тәжірибелер аймағы» павильоны үшін ең үздік тәжірибелерді іріктеу басталды.

«Үздік тәжірибелер аймағы» павильонында баламалы қуат көзін алу саласындағы жүзеге асырылған түрлі технологиялар

стайн, Энергия мен ресурстар институтының (TERI) бас директоры Раджендра Пачаури бар. «Үздік тәжірибелер аймағы» (eVPA) Болашақ Энергиясы форумының идеясымен үндес. Ол Энергетика саласындағы үздік жобалар мен технологияларды көрсетуге арналған. «Үздік тәжірибелер аймағы» аймағы - көрменің орталығы, онда қуат көзін алу, сақтау, шығару дағы үздік жобалар, климаттың өзгеруіне қатысты күрес немесе дамушы мемлекеттердің қуат көздеріне қол жетімділігі деген сияқты мәселелер ұсынылады.

Сонымен қатар, қатысушыларға энергетика саласындағы үздік жетістіктерді көрсетіп қана қоймай, тәжірие алмасу, пікір бөлісу аймағына айналуы жоспарланған. Баламалы қуат көздерін пайдалануда жүзеге асырылған жобалары немесе технологиялары бар ғалымдар, зерттеушілер, ізденушілер тобы немесе компания өкілдері осы байқауға қатысу үшін өтінім бере алады.



мен жобалар көрсетілетін болады.

Іріктеуді Халықаралық іріктеу комиссиясы жүзеге асырады. Халықаралық іріктеу комиссиясының құрамында Нобель сыйлығының лауреаты Джордж Смут, Халықаралық эксперименттік термоядорлық реактор (ITER) ұйымының бас директоры Бернар Биго, Энергетика және пайдалы қазбалар бағытының директоры Чарльз Файн-



## Өндіріс - өмір өзегі

### АҚЖАЛ ЕРТЕҢІНЕ СЕНІМДІ

88-қадам. Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамы идеясын алға жылжыту жөніндегі ұлттық жобаны әзірлеу және жүзеге асыру, ол «НҰРЛЫ ЖОЛ» инфрақұрылымдық даму, ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫң екінші бесжылдығы бағдарламаларын, сондай-ақ, тәуелсіздік жылдарында мемлекеттік саясаттың арқасында еңбек, кәсіпкерлік, ғылым мен білім және басқа да кәсіптік қызметтерде жоғары нәтижелерге қол жеткізген қазақстандықтардың (біздің заманымыздың батырларының) табыстарының дербес тарихын ескере отырып, ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ ИДЕЯЛАРЫН ІЛГЕРІЛЕТУГЕ, индустрияландырудың және «Қазақстан-2050» Стратегиясын жүзеге асырудың мемлекеттік саясаты талаптарына жауап бере алатын жұмысшы және кәсіптік-техникалық мамандықтардың артықшылықтары мен танымалдылығын насихаттауға бағытталады.

Қазақстанның қойнауында Менделеев кестесіндегі элементтің 60 түрі бар дейді мәліметтер. Қазба байлықтар көдеге жарап, халықтың аузын аққа жаратты. Мол қазба байлығымен аты шыққан Ақжал кен орнының атағы бүгінде елімізге кеңінен танымал. «NOVA Цинк» ЖШС-і жер асты байлығын барынша тиімді пайдалануды алдына мақсат етіп қоюда.

Ақжалдың кен орны сонау XIX ғасырда мәлім болған. Тарихқа үнілер болсақ 1886 жылы орыстың алтын алушы көпесі Степан Топов келіп, қорғасын-күміс алумен айналысқан екен. Ал 1901 жылы кенмен айналысатын орыс-француз акционерлік қоғамы құрылып, жұмыс бірінші дүниежүзілік соғыс басталған 1914 жылға дейін жалғасыпты. Бес жыл қаңтарылып тұрғаннан кейін 1934 жылға дейін барлау жұмыстары едәуір атқарылған. Дегенмен, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тоқтап, кейін қайта қолға алынған. Тау-кен жұмыстарының күре тамырына 1950 жылы қайта қан жүгірген. 1956 жылы қуаттылығы жылына 120 мың тонна руда қорытатын байыту фабрикасы салынып пайда-

жұмыспен қамтылған. Қай істе болмасын шебер, кәсіпқой мамандарға сұраныс болары анық. Сондықтан кәсіби мамандар даярлап отыру қажеттілік. Кәсіп-орын заман талабына сай жұмысшыларды жаңа мамандықтарға қайта даярлықтан өткізеді. Кәсіпорын жолдамасымен 14 бала жоғары, 21 бала колледж, лицейлерде оқуда. Оқу бітіріп келген 14 жас маман кәсіпорында жұмыс істеуде. Кейінгі жылдары талап қатай түскен. Өйтеуір кәсіп-орын жұмыскерінің баласы деп емес, оқу үлгерімі жоғары, талабы бар үміткерге жолдама берілді. Кәсіпорында негізі 5 цех бар. Тау-кен, кен байыту, автотранспорт, жылу, сумен жабдықтау цехтары. Автокөлік цехы қазіргі заманғы жаңа техникалармен жанартылған.

Кәсіпорынның бас директоры С.Қойшанұлы кәсіпорын кен өндірумен қатар кенттегі әлеуметтік салаға да тұрақты көңіл бөлетінін айтты. Кент бойынша



лері күрделі жөнделген. 16 млн. 285 мың теңгеге әлеуметтік нысандарын жөндеу жұмыстары жүргізілді. Кеніште жұмыскерлер асханасы үзіліссіз жұмыс істейді. Жұмыскерлерге талон бойынша құнарлы тамақ беріледі. Сондай-ақ, кенттегі азық-түлік бағасын тұрақты ұстап отыру мақсатында кеніштің азық-түлік дүкені, наубайханасы жұмыс істеп отыр.

«Қол жетімді тұрғын үй-2020» бағдарламасы бойынша кәсіпорын 2015 жылы жалпы ауданы 600 шаршы метр 12 пәтерлік үйдің құрылысын аяқтады. Кәсіпорын 345 млн. теңгеге шахталық әдіске көшу жұмыстарын бастады.

Мәдени іс-шараларға, спорт саласын жетілдіруге атсалысу кәсіпорынның басты міндеттерінің бірі. Спорт кешеніне данқты палуан жерлесіміз Әлімшайқы Сәлімбаевтың аты беріліп, мемориалдық тақтаның ашу салтанаты өткізілді. Спорт кешенінде жүзуден, волейбол, баскетбол, қазақша күрес, бокс, теннис секциялары жұмыс істеп тұр.

Мұнда кәсіпорын еңбеккерлерінің кәсіподағы арқылы ұжымдық келісім-шарт жасалған. Осы шара аясында демалысқа жолдамалар берілді. Жыл сайын балалардың демалысын ұйымдастыру дәстүрге айналған. 50-60 жасқа толған мерейтой иелері ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Жылды ойдағыдай аяқтаған кәсіпорын өнім өндіру деңгейін өткен жылғы деңгейде ұстап тұруды алдарына мақсат етіп қоюда.

Өз тілшімізден. Суретте: кәсіпорынның бас директоры С.Қойшанұлы және Ә.Сәлімбаев атындағы спорт кешені.



лануға берілді. Одан кейінгі жылдарда Ақжал кенішінің өнімділік қуаты арта түсті. Кейініректе 1975 жылы үлкен кен байыту фабрикасының құрылысы басталып, ол 1986 жылы аяқталған. Ол содан бері тоқтаусыз жұмыс жасап келеді.

90-шы жылдардағы аласапыран Ақжалды да айналып өтпейді. Өндірістің берекесі қаша бастаған тұста 1996 жылы оның кенішін басқару билігін швейцариялық компания алды. Илешала өндірістің аяқ алысы түзелген. Ал, 2006 жылы ресейлік мырыш зауыты оның акцияларын сатып алған. Содан бері кеніш солардың құрамында.

Ақжалдың айдарынан жел есіп тұрған кеніште жергілікті халықтан 1058 адам тұрақты

өтетін барлық түрлі мәдени іс-шараларға тұрақты демеушілік көрсетіп атсалысады. Осы бағытқа жұмсалған қаржы 15 млн. 872 мың теңгені құраған. Өткен жылғы дағдарыс кезеңінің өзінде бірде-бір адам жұмыстан қысқартылмаған. Орташа жалақы 114 мың теңгені құраса, жыл соңында жұмыскерлерге 13-ші жалақы төленді. Бұл енді түрлі-түсті металдың бағасы түсіп, экономикалық қиындықтар белең алып тұрған кездегі жағдай.

Энергетика саласы бойынша өткен жылы өндірістік қазандықта қоршаған ортаға бөлінетін көмір қалдығын азайту мақсатында екі батареялық циклон альп орнатылды. Негізгі 110 кв. электр желісінде күрделі жөндеу, спорт кешенінің су және жылу жүйе-

## Сайлау-2016

### ХАБАРЛАМА

Қазақстан Республикасының Мәжіліс депутаттарын кезектен тыс және мәслихат депутаттарын кезекті сайлауларының кезеңдерінде Шет ауданының аумағында сайлау заңдылығының сақталуына қадағалау жүргізу туралы 21.01.2016 жылы аудан прокурорының өкімімен аудан прокуратурасының жанында жұмыс тобы құрылған.

Соның негізінде, прокуратура органдары сайлау заңнамасы талаптарының, оның ішінде еліміздің әр азаматының Конституциялық құқығымен бостандығының сақталуына әрдайым қадағалау жүргізеді.

Жоғарыда аталған сайлау кезеңдерінде аудан прокуроры азаматтардың құқықтарының сақталуы мақсатында азаматтарды күнделікті қабылдайтындығын хабарлаймыз.

Шет ауданының прокуратурасы.



● **Ауыл ахуалы**

# БІЗДІҢ АУЫЛ ОСЫНДАЙ

Мен жақын арада Қарағанды қаласында бір отырыста жора-жолдастарым өз жерін, суын, нуын, ауылының тазалығын, жетістіктерін мақтай бастағанда мен де өз ауылымыңның соңғы жылдардағы жетістіктерін айттым. Иә, менің ауылым мақтауға тұрарлық. “Елу жылда - ел жаңа” дегендей, туған ауыл жылдан-жылға құлпырып, көркейуде.

Ақсу-Аюлы ауылының орталық көшесі Шортанбай даңғылы кейінгі жылдары көп өзгерді. Ауылдың барлық көшелерінде түнгі шамдар орнатылған. Өткен жылы Күлейменов көшесіне асфальт төселіп, күн сәулесінен қуат алатын шамдар орнатылды. Соңғы жылдары үй салушылар саны артауда. Ауданымыздың барлық елді мекендеріндегідей Ақсу-Аюлы ауылында да абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары дұрыс жолға қойылған. Ауылымызға келген қонаққа көрсететін көрікті демалыс орындары баршылық. Соның бірі жарты ғасыр адам қолы тимеген А.Тілеулин көшесіндегі орталық саябақ. Аудан әкімі Рысқали Әбдікеремтің тікелей атсалысуымен қайта жаңғырып, халық игілігіне жұмыс істеуде. Саябақ ішіне күн сәулесінен қуат алатын шамдар, тротуар төселген. Теннис, волейбол ойнайтын

жасыл алаңдар өз демалушыларын күтуде. Алдағы уақытта қосымша тағы да қарағай, шырша, қайың, гүлзарларға алуан түрлі көшеттер отырғызылмақ. Балаларға арналған ойын алаңы кеңейтіліп, пулытпен басқарылатын ойын машиналары, ересектерге арналған спорттық құрал жабдықтар да алынбақ. Жазғы сахна, би алаңы, сауда нүктесі бар бұл саябақ жастар үшін ғана емес, барлық тұрғындардың сүйікті орнына айналары сөзсіз.

Сондай-ақ, мұнан бұрын тұрғындар игілігіне пайдалануға берілген С.Сейфуллин көшесіндегі саябақ тұрғындардың демалыс орнына, ал балалардың асыр салып ойнайтын сүйікті орнына айналған.

Алдағы уақытта осы саябақтарда атқарылатын біраз жұмыстар күтіп тұр. Ағаш көшеттерін отырғызып, қосымша бағана шамдар орнату, тұрақты су жүйесін тарту тағы басқа да жұмыстар атқарылмақ.

Қазір саябақ жұмыскерлеріне барлық жағдай жасалған. Қыс айларында отыратын жылы вагон үй сатып алынған. Келешекте жұмысшылар біркелкі жұмыс киімін қамтылмақ. Саябақ ішіне бейнебақылау орнатылып, алдын асфальттау, көлік қоятын арнайы автотұрақ жасалын-

бақ.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған “Нұрлы жол - болашаққа бастар жол” атты Жолдауында “Тұрақтылық пен келісім дегеніміз не? Ол - отбасы әл-ауқаты, қауіпсіздік, баспана. Бейбітшілік - ол ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларымыздың бақыты. Бейбітшілік - ол тұрақты жұмыс, жалақы және ертеңгі күнге деген сенім. Бейбітшілік пен тұрақтылық - күн сайынғы еңбек пен қорған, нығайтуды қажет ететін жалпы халықтық жетістік”, - деп атап өткен болатын. Жан-жақты қыспаққа алған жаһандық дағдарыс, экономикалық қиындықтарға қарамастан осы игі істердің жүзеге асуына бағыт-бағдар беріп, қаражат көзін тауып, жаңа жұмыс орындарын ашып берген, осында жұмыс істеп жүрген жұмысшылар шаңырағына қуаныш сыйлаған аудан әкімі Рысқали Қалиақбарұлына саябақ жұмысшылары шексіз алғысын аудандық газет арқылы білдіргісі келеді.

**Саябақ жұмысшылары атынан орталық саябақ меңгерушісі Жұмагелді АСЫЛБЕК.**

● **Ұлттық универсиада-2016**

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ 34 ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНАН 1000-ҒА ЖУЫҚ СТУДЕНТТЕРІ ҚАТЫСАДЫ

Ұлттық қысқы Универсиада оқиындары 6-17 ақпан аралығында Алматы қаласында өткізіледі.

Осы жылғы студенттердің басты спорттық шарасына қатысу үшін 141 команда тіркеуден өтті. Универсиадаға 15 мыңға жуық көрермендер қатысады деп күтілуде. Бұл туралы Білім және ғылым вице-министрі Тақир Балықбаев ҚР Президенті жанындағы ОҚК-ң алматылық филиалындағы брифинг барысында хабарлады.

Универсиада келешектегі халықаралық жарыстардың чемпиондары мен жаңа үздік спортшыларды шығаратын спорт өлеміндегі қызықтыратын үздік біріншіліктердің бірі болып есептеледі. Ұлттық қысқы студенттік Универсиада Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған ҚР БҒ Министрлігінің ағымдағы жылғы бірінші ішарасы болады.

Жарыстардың күнтізбесі 2016 жылғы 6-17 ақпан аралығы көрсетілген.

Студенттік ойындар 6 ақпандағы «Сұңқар» Халықаралық шаңғы трамплин кешеніндегі салтанатты ашылу рәсімінен басталады. Жарыстардың бағдарламасына спорттың 10 түрі енгізілген президенттік көп сатылы сайыс, шаңғы жарысы, биатлон, шорт-трек, тау шаңғы спорты, сноуборд, қысқы спорттық бағдарлау, шаңғымен трамп-

линнен секіру, шайбалы хоккей, конькимен жүгіру спорты.

Маңыздысы жеңімпаздар 2017 жылы Алматы қаласында 28-ші Бүкіләлемдік қысқы Универсиада оқиыны қатысушылары атанады және біздің студенттеріміз осы жылы жарысып жатқан спорт кешендері Бүкіләлемдік универсиада оқиының объектілері. Сол себепті, аталған жарыстар, белгілі бір дәрежеде бүкіләлемдік универсиада оқиының басты жаттығуы болып табылады. Алматы қаласы өкімдігі аталған іс-шарадағы серіктестердің бірі болып отыруы кездейсоқ емес.

Ұйымдастырушылар негізгі 6 объектіні анықтады: «Алатау» спорт кешені, «Шымбұлақ» тау шаңғы курорты, Халықаралық шаңғы трамплин кешені, «Медеу» мұз айдыны, Балуан Шолақ атындағы спорт сарайы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің спорт сарайы.

Жарыстардың қатысушылары үшін 11 ақпанда ҚазҰУ Студенттер сарайында белгілі спортшылар, қоғам қайраткерлері және қазақстандық жұлдыздардың қатысуымен концерт өтеді. Универсиада оқиының жабылу рәсімі 17 ақпанда Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында өтеді.

ҚР БҒМ атап өткендей, студенттік спорттық қозғалысты құру идеясы министрлік басшылығы, сондай-ақ, отан-

дық жоғары оқу орындары басшылығы тарапынан кең қолдау тапты. Өздерінің үздік спортшыларын Бүкіләлемдік Универсиадаға ұсыну мүмкіндігі ректорлардың көпшілігін ынталандырады және алдағы жарыстарға ерекше мән береді. Жуырда Білім және ғылым министрі Аслан Сәріпжіпов ЖОО ректорларымен және Универсиада-2016 ұйымдастырушыларымен кездесуде ҚР Студенттік спорт федерациясына қазақстандық құрама команданың құрамына болашақ жұлдегерлерді енгізуді ұсынды. Осылайша, студенттік спорттың дамуы қосымша демеу алуы керектігін атап өтті ведомство басшысы.

Сонымен қатар, жоғары оқу орындарының басшылары Ұлттық студенттік лиганың одан әрі дамуына бірауыздан қолдау білдірді. Атап айтқанда, Ұлттық студенттік лигаға қатысуға ниет білдірген әрбір жоғары оқу орында спорттық клубтың құрылуы жөніндегі БҒМ нақты ұсынысы қолдау тапты. Аталған клубтар өз кезегінде Ұлттық студенттік лиганың құрылтайшылары бола алады. Мәселен, осындай клубтардың бірі - «AlmaU Sport and Art zone» клубы Ұлттық қысқы Универсиада кезінде ашылады деп жоспарлануда.

**ҚР Білім, ғылым министрлігі.**

● **“Отан TV”**

## АҚПАРАТТЫҚ ТЕҢСІЗДІКТІ ЖОЮҒА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Бүгінде “Отан TV” желісі бүгінде барша тұрғындар үшін қолжетімді болып отыр. Кезінде ауыл халқының басым көпшілігі эфирлік телехабар тарату желісі арқылы небәрі төрт арнаны, тіпті одан да аз телеарнаны тамашалап келгені әлі есімізде. Өйткені шалғай жатқан ауыл тұрғындарының кабельдік немесе өзге де желілер арқылы отандық телеарналарды тамашалауға мүмкіндіктері болмайтын. Бүгінгі алға қойып отырған мақсат - бүкіл Қазақстан жұртшылығын кең көлемде отандық телеарналарды көруін қамтамасыз ету екендігін ақпарат құралдары кеңінен насихаттауда. Оның барынша тиімділігіне көз жеткізудеміз. Ал, бұл қала мен ауыл тұрғындарының арасындағы ақпараттық теңсіздікті жоюға ықпал етері даусыз.

Бүгінде ауыл тұрғындарының барлығы дерлік “Отан TV” қондырғысын орнатып, еліміздің өмірінде болып жатқан жаңалықтарды тамашалау мүмкіндігіне ие. Әрі хабарлар өте тамаша, анық көрсетілуімен ерекшеленеді. Өткен жылдары “Отан TV” қондырғылары соғыс және тыл ардагерлеріне тегін орнатылып берілген болатын. Сондай-ақ, алтын құрсақты аналарға жеңілдіктер арқылы орнатылғаны да көңілге қуаныш ұялатады. Нәтижесінде алыс аймақтағы тұрғындар жерсеріктік антеннаны орнатып, 45 отандық телеарнаны абонеттік төлемсіз тамашалап отыр. Республиканың кез-келген облысының жаңалықтарын тамашалай аласыз. Кезін-де ауданымыздың тұрғыны бол-ған, бүгінде кең байтақ еліміздің өзге өңірінде жүрген ауылдастарымыз Қарағанды облы-

сының жаңалықтарын көріп, тамашалап отырғандықтарын ауылға келгенде қуанышты сезіммен жеткізеді. Өйткені, онда аудан өміріндегі жаңалықтар жиі берілетіні ақиқат. Сондықтан олар алыста жүрсе де аудан өміріндегі жаңалықтарды бізден кем білмейді. Бір айтарлығы бүгінде аудан тұрғындарының бәрі атал-ған телеарнаны тамашалауға құлшынысы артып отырғандығы. Ұлттық телехабарды көруге ниеттенгенімен қалтасы көтере бермейтін тұрмысы төмен отбасыларына да орнатып беру мәселесі шешімін тауып отырғаны құптарлық жайт.

“Отан TV” жерсеріктік телехабар желісінің ең басты артықшылығы сигнал тікелей жерсеріктен қабылданатындығы. Бүгінде елімізде “Отан TV” Ұлттық жерсеріктік телехабар желісіне қосылмаған бірде-бір елді мекен жоқ. Бұл сөз жоқ үлкен жетістік. Алыс ауылда отырып жуырдағы Астана қаласында өткен “Нұр Отан” партиясының кезектен тыс XVII съезін тамашалап, ҚР Президенті, “Нұр Отан” партиясының төрағасы Н.Назарбаевтың сөзін ерекше ықыласпен тыңдадық. Партияның “Қазақстан 2021: Бірлік. Тұрақтылық. Жасампаздық” атты 2016-2021 жылға арналған сайлауалды бағдарламасы қабылданғанын, барлық отаншыл азаматтарды еліміздің игілігі үшін өз бағдарламасын қолдауға шақырды. Ал, бағдарламадағы қамтылған мақсаттарға қол жеткізу жолы бүкіл қазақстандықтардың бірлескен іс-қимылында екеніне көз жеткіздік.

**Б.АҚПАНБАЙҰЛЫ.**

● **Төтенше жағдайлар бөлімі ескертегі**

### АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

Құрметті аудан тұрғындары, Шет ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі көктемгі су тасқынының алдын алуды ескертеді.

Биылғы жылы аудан көлемінде қардың өте көп мөлшерде түскені баршаңызға белгілі. Сондықтан көктемгі тасқын су кезінде аулаларды және тұрғын үйлерді су алып кетуі өбден мүмкін. Осындай келеңсіз жайлардың алдын алу мақсатында біріншіден әркім өз үйлерінің шатырын, қорақопсыларының төбесін, ауласын қардан тазартып еріген кезде өздігінен ағып кететіндей жағдай жасау қажеттігін ескертеді. Сондай-ақ, аулаларға еріген қар суының кіруіне жол бермеу үшін қажетті топырақ, құл тағы басқа да инерттік материалдарды, құрал-жабдықтарды дайындап қойғанымыз жөн.

**Е.РАШИДОВ,**

**Шет ауданы ТЖ бөлімінің аға инженері, Азаматтық қорғау майоры.**

### ШЕТ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ АППАРАТЫНДА ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ 2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР-АҚПАҢ-НАУРЫЗ АЙЛАРЫНА АРНАЛҒАН КЕСТЕСІ

Р/с	Аты-жөні	Лауазымы мен құзырындағы бағыттайтын мәселелері	Қабылдау күні мен уақыты	Қабылдайтын орын
1	Әбдікерем Рысқали Қалиақбарұлы	<b>Аудан әкімі</b>	Әр айдың бірінші сейсенбісі	Ақсу-Аюлыда аудан әкімдігінің ғимаратында
			Әр айдың үшінші сейсенбісі	Ақадыр кенті әкімі аппаратының ғимаратында
2	Төлеуқұлов Бөкен Төлеуқұлұлы	<b>Әкімнің орынбасары</b> (өндірістік саланы, көріктендіру және санитарлық тазалық, тұрғын үй, коммуналдық шаруашылық, сәулет және қала құрылысы, төтенше жағдайлар, көлік, байланыс және коммуникация мәселелері)	Әр аптаның сейсенбі, сәрсенбі күндері	Үшінші қабат Кабинет №1
3	Әбілдин Азамат Азатұлы	<b>Әкімнің орынбасары</b> (ішкі саясат, көмелетке толмағандар ісі, ономастика, награда, тұрғындарды жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салаларын, көші-қон және демографиялық саясат)	Әр аптаның сейсенбі, сәрсенбі күндері	Үшінші қабат Кабинет №2
4	Жүніс Шоқан Кемелұлы	<b>Әкімнің орынбасары</b> (ауылшаруашылығын дамыту, жер қатынастары, қаржы, баға саясаты, өнеркәсіп, кәсіпкерлікті дамыту және қолдау, сауда орындарының жұмысын бақылау).	Әр аптаның сейсенбі, сәрсенбі күндері	Үшінші қабат Кабинет №3
5	Тілегенова Әсел Ермекқызы	<b>Аппарат жетекшісі</b> (кадрларды іріктеу, орналастыру және тәрбиелеу, мемлекеттік қызметтен өту, кадр құжаттамасын, іс жүргізу, аудан әкімінің аппаратында азаматтардың өтініштерімен жұмыс істеу, құқықтық жалпы білім беру, мемлекеттік қызметшілерді біліктілігін көтеру курстары мен семинарларға жіберу, қаржы-шаруашылық қызметі )	Әр аптаның бейсенбі, жұма күндері	Үшінші қабат Кабинет №4

**Ескерту:** Шет ауданы әкімінің азаматтарды қабылдауын ұйымдастыруға жауапты аудан әкімі аппаратының кеңсе бөлімінің басшысы Жазықбекова Гульвера Тілеуханқызы. Байланыс телефондары: 21490, 21633 екінші қабат, 24-бөлме. Аудан әкімінің орынбасарлары және аудан әкімі аппаратының жетекшісі азаматтарды жеке мәселелер бойынша жұмыс кабинеттерінде қабылдайды. (III-қабат).



### ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақсу-Аюлы ауылында 2016 жылдың 10 ақпан күні сағат 9.00-ден бастап аудандық Мәдениет үйінің алдында “Ауыл береке-2016” жәрменкесі өткізіледі.

Жәрменкеде арзанда-тылған бағамен шөп, кебек, арпа тағы басқа да а у ы л ш а р у а ш ы л ы қ өнімдері сатылады.

**Ақсу-Аюлы ауылдық округінің әкімдігі.**



## МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ САУАТТЫ ҚОЛДАНУ - ӨМІР ТАЛАБЫ

Жуырда Шет ауданының Әділет басқармасында іс қағаздарын қазақ тілінде сауатты жазу, тіркеуге алынатын құжаттарды мемлекеттік тілде дұрыс рәсімдеу мәселелері бойынша дөңгелек үстел өтті. Ауданның Әділет басқармасының басшысы Базылов Тілеухор кіріспе сөз сөйлеп, жиналғандардан талқыланып отырған сұрақ жөнінде пікір білдіруін өтінді.

Басқарма басшысының орынбасары Ғ.Игілікөв келісім-шарттардың және басқа да құжаттардың қазақ тілінде шала сауатпен жазылатынын, не қайсыбір жағдайларда тек орысша ұсынылатынын айтып, азаматтардың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпті бұзатынын сөз етті. Мұндай өрескелдік әсіресе, Ақадырдан келген қағаздарда көп жіберіледі.

Мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Г.Махмутова өткен жылдан бері мемлекеттік тілді білу деңгейін тексеру бойынша тестілеу жүргізіліп жатқанын баяндады. Ол негізінен диктант форматында өтуде. Әзірге сынақтан 70 мемлекеттік қызметші өтіп, оның алшысы тілді менгерудің диагностикалық тестілеуінен, оны сертификаттық тестілеуінен біліктіліктерін бағалатқан. Осы тестілеулердің қорытындысы бойынша облыста Ілгері орындардың бірінде көрінеміз. Биылғы жылы осындай сынақтардан 180 қызметкер өткізілмек, оның 25-і сертификаттық тестілеумен, бірінші кезекте бөлім және мекеме басшылары қамтылмақшы.

Дөңгелек үстел барысында өз пікірлерін Ақсу-Аюлы халыққа қызмет көрсету орталығының инспекторы Л.Арыстанбекова, Шет ауданы бойынша кәсіпкер-

лер палатасының директоры О.Сейілбеков білдірді.

Төлқұжатқа немесе тууы туралы куәлікке қазақша есімдерді беру және оның жазу үкімет бекіткен есімдер тізімі негізінде, қазақ немесе орыс тілдерінің нормаларына сәйкес жүргізіледі.

Кәсіпкерлік ортада қазақ тілінің қиындау халіне алаңдау-

текшісі, осы жолдардың авторы кенінен тоқталды.

Сауатты тілге қажеттілік туғызбай оны жақсарту мүмкін емес.

Әрбір мемлекеттік ортада тілдің жанашыры ғана емес күрескері отырмай іс оңбайды. Қате жазылған қазақша мәтінді әділет басқармасы тіркелмей



шылық білдірген палата жетекшісі бұл мәселеге жіті көзқараспен қарап, қолдау жасайтынын айтты. Шынында кейбір жеке меншік дүкендер мен тамақтандыру орындарының атаулары қазақ тілінде қате жазылған, ал сөрелерде тұрған тауар аттары мен оның бағалары тек орысша қойылған.

Мемлекеттік тілді қолдану акциялары аясында өткізіліп жүрген рейдтер мен тексерістердің ескертпелері толық орындалмай қалады.

Шығы қазақтар қоныстанған аудандағы ана тіліміздің проблемалары жөнінде «Ұлағат» «Қазақ тілі» қоғамының же-

қойса, дүкендер мен кафе-тойханалардың, қонақ үйлердің атауларын тілді дамыту органдарымен келісіп алмай, құрылысына рұқсат етпесе, ал жарнама мен афишаларды қате жазғандарды жауапқа шақырып айыппұл төлетсе көптеген тоңмойындардың санасы селт етер еді.

Түбі бізге қайсыбір шетелдегілердей тіл полициясы қажет болар. Жергілікті, яғни, муниципалдық полицияның бір жұмысы осы болса игі еді.

**Е.ЖӘНІБЕКОВ,**  
«Ұлағат» Қазақ тілі қоғамының төрағасы.

## Коммерциялық емес ұйымдар басшылары мен Шет ауданы тұрғындарының НАЗАРЫНА!

Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңының 8 және 9 баптарына сәйкес Шет аудандық Мәслихаты 2016 жылдың 4 ақпанынан 26 ақпанына дейін азаматтық қоғам өкілдері арасынан шыққан үміткерлерді Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы құрамына енгізу бойынша ұсыныстарды қабылдайды.

Көрсетілген кезеңде коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтар Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы құрамына үміткерлер бойынша

ұсыныстарды жазбаша түрде жолдайды.

Ұсынысты жолдаған әр коммерциялық емес ұйым мен әр азамат бір үміткерден артық адамды ұсына алмайды. Азаматтық қоғамнан ұсынылған жұмыс тобына үміткерлерге «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес талаптар қойылады.

Қоғамдық кеңесті қалыптастыру жөніндегі жұмыс тобы құрамына үміткерлер бойынша құжаттар Шет аудандық Мәслихатының аппаратына 2016 жыл-

дың 5 ақпанынан 16 ақпанына дейінгі аралықта сенбі мен жексенбіден басқа күндері сағат 09.00-ден сағат 18.00-ге дейін қабылданады. Үзіліс сағаты 13.00-ден сағат 14.00-ге дейін.

**Мекен-жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24. №16, 18 кабинеттер. Тел.21-9-48, 21-5-67.**

**Аудандық Мәслихаттың хатшысы Ә.СМАҒҰЛҰЛЫ.**

### Семинар-кеңес

## ДҰРЫС ТАМАҚТАНУ - САПАЛЫ БІЛІМГЕ ЖОЛ

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2014 жылғы Жолдауында «орта білім жүйесінде жалпы білім беретін мектептерді Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқыту деңгейіне жеткізу керек. Спортпен шұғылдану, дұрыс тамақтана білу, жүйелі профилактикалық тексерілу - аурудың алдын алудың негізі» деп атап айтқан болатын.

Мектепте оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ол тек оқушының денсаулық жағдайын ғана емес, сондай-ақ, оқудың тиімділігін анықтайтын білім беру ұйымдары қызметінің негізгі бағыттары болып табылады.

Жуырда Шет ауданы кәсіпкерлер палатасының филиалы аудандық Білім беру бөлімінің қатысуымен «Орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыру» бойынша семинар-кеңес өткізді.

Семинар-кеңесте кәсіпкерлер палатасының директоры О.Сейілбеков және менеджер-кеңесшілер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы №20 бұйрығы төңірегінде әңгіме өрбітіп, кәсіпкерлерге осы бағытта ашық

конкурс өтетіндігін хабардар етті.

Әрине, конкурсқа түсіп оны ұтып алған кәсіпкерге оқушыларды сапалы тағаммен қамту талап етілетіні белгілі. Жасыратыны жоқ елімізде кейбір мектептер мен балабақшаларда балалардың сапасыз тамақтан уланып, ауруханадан бірақ шығатыны теледидардан айты-



лып та, баспасөз беттерінде жазылып та жатыр. Міне, сондықтан кәсіпкерлерге жүктелетін жауапкершілік те зор екенін естен шығармаған жөн.

Айта кетейік, аудан бойынша 20 астам мектепке 700-ге жуық оқушыны ыстық тамақпен қамтамасыз етуге бюджеттен 30 млн. теңге қаражат бөлінген.

**М.ДӘУЛЕТБЕКҰЛЫ.**

### Руханият

## КІТАПХАНА ҚОРЫ ЖАҢА КІТАПТАРМЕН ТОЛЫҚТЫ

Біздің кітапхананың қоры «Сарыарқа кітапханасы» сериясы бойынша 100 томдық кітаптармен толықтырылды.

Кітаптың алғашқысы «Елбасына тұғыр болған Сарыарқа» томы ҚР Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың еңбектегі және саяси қайраткерлік қызметіне арналған.

Келесі жинақтарға Сарыарқа өңірінің Тәуелсіздік жылдарындағы әлеуметтік және экономикалық дамуы туралы, «Замана» жинағы және қазақ әдебиетінің жарық жұлдыздарының шығармалары бірнеше томнан тұрады. Онда елімізге белгілі жазушылар С.Смағалев, Қ.Аманжолов, С.Сейфуллин, Ғ.Мұстафин, Р.Сүлейменов, В.Михайловтың шығармалары енген. Сондай-ақ, бұл жинаққа арқа өңірі ақын жазушыларының, оның ішінде жергілікті ақын-жазушылар К.Жүністігіннің «Едіге» романы, Ө.Кәріпұлының «Қоңыр сарын» әңгіме-хикаяттары, төмілдері, Т.Майбастың, Р.Сүлейменовтың шығармалары, М.Шәйкениң 50 шақты өлең-жыр, толғаулары енгізілген.

«Сарыарқа» сериясы бойынша Арқаның айтыс ақындары жинағында XIX-

XX ғасыр ақындарының айтыстары енгізілген, оның ішінде Шортанбай, Маясар ақынның айтыстары бар, ал жаңа дәуір ақындарының ішінде Шет өңірінің тумалары Республикалық айтыстарының жүлдегерлері Тілеген Әділов, Дидар Қамиевтың айтыстары жинақталған.

Арнайы бір томда арқа өңірінің биешендері мен ақын-жырауларының сөз маржандары топтастырылған.

Құрметті оқырман! Кітапханамызға келіп, «Сарыарқа кітапханасымен» танысыңыздар. Жаңа форматта басылып шыққан «Сарыарқа кітапханасы» серияларындағы кітаптардың тұсаукесері, жергілікті ақын-жазушылармен кездесу және олардың шығармаларымен танысу кештері 8 ақпаннан 12 ақпан аралығында өтеді.

Келіңіздер, кездесу кешіне қатысыңыздар!

Халыққа арналған мол мұра - ұрпақтың мәңгілік рухани қазынасы сізбен бізге арналған.

**Аудандық балалар кітапханасы.**

### ШЕТ АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТ АППАРАТЫНДА АЗАМАТТАРДЫ 2016 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР, АҚПАН, НАУРЫЗ АЙЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Р/с	Азаматтарды қабылдауды жүргізушінің тегі, аты, әкесінің аты	Қызметі	Қабылдау мерзімі						Телефоны	Қабылдау орыны
			қаңтар		ақпан		наурыз			
			күні	уақыты	күні	уақыты	күні	уақыты		
1.	Смағұлұлы Әділхан	Аудандық Мәслихаттың хатшысы	сейсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	сейсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	сейсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	21-4-11	Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 үй №15 бөлме
2.	Сәдуақасов Аман Сәйдіпұлы	Аудандық Мәслихат аппаратының басшысы	сәрсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	сәрсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	сәрсенбі сайын	14.00-ден 18.00-ге дейін	21-5-67	Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 үй №18 бөлме

Ескертпе: Азаматтар жеке өтініштері мен ұсыныстарын аудандық Мәслихат аппаратының мына электрондық поштасына жіберуге болады: e-mail: maslihat-shet@mail.ru

«Шет аудандық Мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Арнамыс кодексі, мемлекеттік қызмет туралы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаларын бұзу фактісі туралы Сенім телефонына (871031) 21-9-48, 21-5-77 хабарласуыңызды сұраймыз.

### Қамқорлық

## БАЛАЛАРҒА КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗДЫ

Жуырда М.Мәметова атындағы жалпы орта білім беру мектебінде «Қамқорлық» акциясы аясында ата-аналар комитетімен біріге отырып, мектеп оқушыларына оқу құралдары, қысқы киімдер беріліп, қаржылай көмек көрсетілді. Осы игі істер барысында көмек қолын созған кенттегі кәсіпкерлер «Орталық сауда» үйінен Б.Исмаилова, С.Шығанбаева, Н.Домбаева, Б.Әлиева, Н.Тәтібетова, «Сұңғат» сауда орталығынан Б.Қалкенаева, О.Сидоренко, Б.Мұқышева, «Айдос» базарынан Г.Сейітқалиева, З.Баярлова, М.Маясаров, К.Жаздықова, Р.Әжікенова, Б.Байкубековалар жомарттық танытты.

Жақсылық жасап маңайына, шуақ нұрын шапқан кешегі тектілердің ұрпақтары ғой. Осы мейірімді жандарға алғысымызды айта отырып, кәсібіне береке берсін дейміз. Осы акция барысында мектеп ұстаздары да қалыс қалмай қаржылай көмек беріп, оқу құралдарын алып беруге өз үлестерін қосты. Өзінің шәкірттеріне жақсылығын аямайтын осы ұстаздардың еңбектеріне жеміс, отбасына амандық тілейміз. Жоқшылықты қолдан жасамай, жақындарымызға көмек қолын созайық, ағайын!

**Ардақ МҰҚЫШ,**  
Ақадыр кенті.

● Мәдени қызмет – халық игілігі үшін

## 2015 ЖЫЛЫ АУДАНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМУ САЛАСЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

Мәдениет - адамзаттың ғасырлар бойы жинақталған рухани құндылықтарының және қазіргі таңда жасалып жатқан өнер туындыларының жиынтығы, дүниетанымының, ұлттық ділі мен табиғаттың өзіндей көрсар, халықтың күнделікті тіршілігімен біте қайнасқан білімінің екінші аты. Ауданның мәдениет саласы тұрғындардың рухани азық алуы үшін халыққа мәдени, мәдени-ақпараттық қызмет көрсетуде. Ауданның мәдениет саласының инфрақұрылымын 55 нысан құрайды. Аудан халқына 2 халық театры (Ақсу-Аюлы ауылында, Ақадыр кентінде), 1 «Ақсу-Аюлы» халықтық өн-би ансамблі, 1 фольклорлық «Ақадыр өуендері» ансамблі, 28 кітапхана, оның ішінде 9-ы - «Жаңа үлгідегі» кітапханалар, 2 «Зерде» бейнемобили, 25 клубтық үлгідегі үйлер өз қызметтерін көрсетеді. Бұдан тыс облыстық бюджеттен қаржыландырылатын аудандық археологиялық-этнографиялық музей мен оның Әспен ауылындағы филиалы - Сәкен музей жұмыс істейді. Сонымен қатар, ауданның мәдениет саласында 118 үйірме бар болса, оған қатысушылар саны -1560. Өткен жылы аудан көлеміндегі мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, мәдениет саласын дамытуға аудандық бюджеттен 285 млн. 300 мың теңге қаржы бөлінді.

Өткен жылы бөлінген қаржыға мәдениет үйлерінің және кітапханалардың материалдық-техникалық базалары нығайтылды. Оның ішінде, аудандық мәдениет үйінің кіші залына ағымдағы жөндеу, алаңын абаттандыру, Ақой ауылдық мәдениет үйінің мұржасын жөндеу секілді жұмыстар атқарылып, Ш.Бейсембаев атындағы (Ақадыр) мәдени-сауық орталығына 240 көрермендер орындығы алынып, кітап қоры толықтырылды.

2015 жылы өткізілген іс-шаралардың ауқымы біршама болды. Бұл жыл еліміздің өміріндегі даңқтың даталарға толы болғаны белгілі. Жоспарға сәйкес өткізілген шараларға облысымызға және республикаға танымал өнер жұлдыздары тартылды. 3785 іс-шара, оның ішінде аудандық және облыстық деңгейде 3 фестиваль, 7 байқау-конкурс өтіп, оны көрушілер саны 957,1 мың адамды құрады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдық мерейтойына орай аудандық мәдениет үйінде «Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының ашылуы» атты синхрон-акциясы, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына орай аудандық мәдениет үйінде «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер» атты аудандық соғар және тыл ардагерлерінің XIX фестивалі өткізілді. Ақадыр кентінде Қазақ хандығының 550 жылдығына, Ұлы Жеңістің 70 жылдығына Қазақстан Республикасы Конституциясы және Қазақстан Халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толуына «Ерлік пен бірлікте тағзым» атты мекеме-ұжымдар мен кәсіпорындардың шығармашылық кештері, Әспен ауылында «Ер есімі ел есінде» атты республикалық ақындар айтысы, Ақжал кентінде шертпе күй шебері, дарабоз күйші Орал Исатайұлына арналған «Күй-құдірет» еске алу кеші, «Аюлы дауысы», Тәттімбет Қазанғапұлының туғанына 200 жыл толуына орай «Шет өңірі - шертпе күйдің қайнар бұлағы» атты облыстық күй фестивалі өткізілді.

### ● Мектептерден хабар

## ҰЛЫ ХАЛЫҚТЫҢ ҰЛЫ - АБАЙЫ

Жақында Айғыржал ауылындағы М.Жапақов атындағы негізгі мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, жас маман Қайыржан Тілеуқабалов, өн-күй пәнінен педагогикалық тәжірибеден өтіп жатқан Толғанай Аманованың ұйымдастыруымен қазақтың біртуар тұлғаларының бірі, данышпан ақын, қазақты әлемге танытқан, қазақ әдебиетінің шоқтығы биік ірі философы Абай Құнанбайұлының шығармашылығына арналған «Ұлы халықтың ұлы Абайы» атты әдеби сазды музыкалық кеш өтті.

Тамаша кештің мақсаты- біз секілді жас ұрпақтың бойына Абай атамның рухани қазынасын сіңіріп, Ұлы ақынның

Мерекеге орай аудан әкімінің арнайы сыйақысы тағайындалып, аудан әкімінің тағайындаған номинациялары үздіктерге табысталды. Сонымен қатар, Ақжал мәдениет үйінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға 500 мың теңгеге сертификат тапсырылды.

Бекітілген жоспар бойынша «Зерде» мәдени кешенінің керуені аудан елді мекендеріндегі мәдени ошағы жоқ жерлерге Елбасымыздың Жолдауы «Нұрлы жол - басты жол», «Мәңгілік ел» атты Жолдауларын халыққа насихаттап, мәдени көпшілік шара, кинофильмдер ұсынып, халық ықыласына бөленді.

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы рухани және білім беруді дамыту салаларындағы негізгі құжат, стратегиялық ұлттық жоба болып табылады. Аудан аумағында мәдени ескерткіштерді анықтау, атақты адамдарды, жер-су аттарын мәдени мұраға енгізу, қолөнер, тарих, әдет-ғұрып дәстүрлерін жинақтау және дарынды тұлғаларға қолдау көрсету мақсатында «Шет ауданы бойынша 2015-2017 жылдарға арналған «Мәдени мұра» аумақтық бағдарламасын, іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» 2015 жылдың 11 тамызында №27/04 арнайы қаулысы қабылданып, жоспарға сәйкес жұмыстар атқарылды.

Бағдарлама аясында облыстық мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі инспекция тарапынан Ақсу-Аюлы аудандық округі, Ақсу ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 10 км жерде орналасқан, XIX ғасырға жататын Шора кесенесіне, Ақшатау кентінен солтүстік-шығысқа қарай 1,5 км (Жарылғап батыр ауылы) жерде орналасқан, XIX ғасырға жататын Зылиха кесенесіне, Киікті ауылынан оңтүстікке қарай 30 км қашықтықтағы Беласар қола дәуірінің археологиялық ескеркішіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, мемлекет қамқорлығына алынғандығы туралы жазылған тақта және соңғы аталғанына ақпараттық билборд (туристерге арналған) орнатылса, ал Нұраталды 2 ортағасырлық археологиялық кешеніне зерттеу мақсатында қазба жұмыстары жүргізілді.

Қазақ хандығының 550 жылдық мерейтойына орай «Мәңгілік ел – Қазақстан» атты ауылдық округ, кент ұжымдарының шығармашылық есеп беру байқауы арнайы құрылған кестеге сәйкес өткізілді. Ақын Тезекбай Амандықұлының «Ел іші – жұмақ мекенім» атты жыр жинағының тұсаукесері, ағадырлық ақын Алтай Сметтің «Өлеңім өмірімді өрнектеген» атты жыр жинағының тұсаукесері Ақадыр мәдениет үйінде өткізілді. Аудандық мәдениет үйінде жазушы, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Әмір Кәріпұлының 75 жылдық мерейтойына орай әдеби-сазды кеш өтті.

Кітапханалар жүйесі аудан бойынша 28 кітапхана арқылы 24 472 оқырманның, сұранысын өтеуге қызмет етуде. Кітапхана қоры 2015 жылы 11 млн 817 теңгеге сатып алынған 9553 дана кітапқа толықты. Жүйе бойынша 256 мың 560 дана кітап қоры бар болса, оның 166 894 қазақ тілінде. Өткен жылы кітапханалардың материалдық техникалық базасын нығайту үшін 5 млн 075 теңгеге орг.техника және кітапханаға қажетті жиһаздар алынды.

Мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік функцияларын нығайту және үш

тұғырлы тіл саясатын жүзеге асыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Ономастика саласы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 ақпандағы «Қарағанды облысының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарының атауы және қайта аталуы туралы» №61 Қаулысы негізінде Төменгі Қайрақты ауылындағы Қайрақты орта мектебіне танымал ұстаз Хасен Сәрінжіпұлының есімі, Ақадыр мәдени-сауық орталығына өнші, Қазақстанның халық артисі Шабал Бейсембаевтың есімі, МГорький атындағы эксперименталдық мектеп-гимназиясына ғалым, академик, техника ғылымдарының докторы, профессор Жамбыл Ақылбаевтың есімі берілді.

Ауданның мемлекеттік органдарындағы іс қағаздарының мемлекеттік тілдегі ара салмағына сараптама жүргізіліп отырады. Соның нәтижесінде, 2015 жыл соңында да жалпы 15174 шығыс құжаттардың мемлекеттік тілдегісі бойынша 100 пайыздық көрсеткіш көрсетті.

2015 жылдың қазан айында мемлекеттік қызметшілер арасында мемлекеттік тілдің меңгеру деңгейін анықтау мақсатында өткізілген «ҚАЗТЕСТ жүйесі» бойынша ауданнан 70 қызметкер қатысты. 60 адам диагностикалық тестіден 73 %, Сертификаттық тестен 10 адамның 7-еуі өтіп, 70 % меңгеру нәтижесін көрсетті. Үстіміздегі жылы да «ҚАЗТЕСТ жүйесі» бойынша ауданнан 180 қызметкердің тест тапсыруы жоспарланып отыр.

2015 жыл бойынша тілдерді дамыту саясатын халыққа насихаттау мақсатында «Шет шұғыласы» газетінде 66 мақала жарық көрді. Көрнекі ақпарат пен сыртқы жарнамаларды орналастыру және дұрыс ресімделуін біріздендіру, үйлестіру және бақылау мақсатында аудандағы объектілердің, коммерциялық құрылымдардың маңдайшалары мен ақпараттық-қабдырлық жарнамаларды, яғни көшелердегі ілінген билбордтарды тексеру мақсатында аудан әкімдігі жанынан жұмыс тобы құрылды.

Былғы жылы ауданның мәдениет саласы бойынша ауқымды шаралардың жүзеге асырылуы жоспарлануда. ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығы, Алашорда үкіметінің 100 жылдығы, Алаш көсемі Әлихан Бөкейхановтың туғанына 150 жыл, Жамбыл Жабаевтың туғанына 170 жыл, Қарағанды облысының құрылғанына 80 жыл толуы және басқа да көптеген маңызды даталарды атап өту, «Қайран ерлер, қаһарман ардагерлер» атты облыстық фестиваль өткізу, Ақадыр кенті, Көктіңкөлі мәдениет үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу, Ақсу-Аюлы ауылында орталық саябақты ашу міндеттері тұр. Аймақтық «Мәдени мұра» бағдарламасының 2016 жылға арналған жоспары, «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған бағдарламасы», «Мәдениет саласы бойынша 2016-2020 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламасы» бойынша алға қойылған нәтижелерге қол жеткізу үшін жүйелі жұмыстар атқарылуы көзделуде.

**А.КӘРІБЕКОВ,**  
ауданның мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.

● Үш тұғырлы тіл – заман талабы

## КӨП ТІЛ БІЛСЕҢ - КӨКЖИЕГІҢ КЕҢ БОЛАР

Ағартушы, ұстаздық ісіне ізін қалдырған Жүсіпбек Аймауытов: «Ана тілі- халық боп жасағаннан бері жан дүниеміздің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бөйтерегі», - деген еді. Иә, туған елдің, жерің сүйген әрбір азаматтың көкірегінде ана тіліне деген мақтаныш сезімі болуы тиіс. Елбасымыз «Тілдердің үштұғырлығы мәдени жобасын кезеңдеп жүзеге асыруды қолға алуды ұсынамын. Қазақстан бүкіл әлемге халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар - қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі» деп атап айтқан болатын. Біз үштілділікті тәуелсіз еліміз үшін стратегиялық мәні ерекше құбылыс деп бағалаймыз, сондықтан да бұл құбылысты төрттілділік пен бесітілділіктен бөліп қараймыз, үштілділіктің кез келген сыңары ретінде кез келген шет тілін алуға болар еді, бірақ біз бұл жерде де қоғамның нақты сұранысы басым түскен қазақ, орыс, ағылшын тілдеріне ерекше мән берген жөн деп түсінеміз. Бүгінгі таңда мемлекетімізде үштілділік мәселесін нақты іс түрінде жүзеге асыру керек пе? Әрине, керек. Еліміз бен жерімізге ие болатын жастар үш тілді де қатар меңгеруі тиіс. Үштілділік - нақты тұлға, ұжым, халықтың белгілі бір қоғамда қарым-қатынас үдерісін- де қажет болған жағдайда үш түрлі тілді алма-кезек қолдану құбылысы болып табылады. Міне, бүгінде өзінің ана тілімен қатар орыс, ағылшын тілдерінде еркін сөйлей, жаза білетін жандарды көптеп кезіктіруге болады. Мәселен солардың бірі Ақшатау кентіндегі мәдениет үйінің меңгерушісі Әсем Кәрімованы атап айтуға болады.

Әсем 1995 жылы Ақшатау кентіндегі М.Әуезов атындағы орта мектепті аяқтап, Алматыдағы Абылайхан атындағы Қазақ Мемлекеттік Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетіне түседі. Оны ойдағыдай аяқтағаннан кейін өзі білім алған мектебіне ұстаз болып оралады. Ағылшын тілі пәнінің маманы шәкірттерін тәрбиелеуде едәуір жетістіктерге қол жеткізіп келді. Ұстаздан дәріс алған шәкірттері «Кенгуру-лингвист» халықаралық сайысында бірінші дәрежелі дипломдарды иеленсе, екінші біреулері аудандық, облыстық пен олимпиадаларында жүлделі орындардан көріне білді. Әсемнің шәкірттері ұстаздарының жолын қуып, еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде. Егер әр шәкірт өмірде бір кірпіш болып қаланып, ұстаздан шәкірт озып жатса төккен тер мен адал еңбектің ақталғаны емес пе?!

Үнемі ізденіс үстінде жүріп шеберлігін шыңдады, білім мен білігін жетілдіре түсті. Білме мен жігер, талап пен талпыныс жемісін бермей қоймады. Осынау тынымсыз еңбегі ескеріліп, білім беру саласын дамытуға қосқан мол үлесі мен педагогикалық қызметте шығармашылық табыстарға қол жеткізіп, біліктілік танытқаны үшін екі рет облыстық білім басқармасының Құрмет грамотасымен, дарынды шәкірт тәрбиелегені үшін ҚарМУ-дің Шет Тілдері факультетінің Ал-ғыс хатымен және жыл сайын-ғы өткізілетін аудандық тамыз мәслихатында бірнеше рет мақтау қағаздарымен марапатталған. Сонымен бірге Әсем аудан мұғалімдері арасында өткізілген сайыста «Ең үздік ағылшын тілі пәнінің мұғалімі» номинациясын жеңіп



алып, аудан әкімі грантының иегері атанды.

Қарапайым, мәдениетті, білімі шәкіртке де, ата-анаға да өнеге болған Әсем «Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз» атты ҚР Білім беру жүйесінің үздік қызметкерлері енген кітаптан да орын тапты. Сонымен бірге Әсем өнер саласында да өз ізін қалдырған ұстаз. Кенттегі мәдени іс-шараларға белсене араласады. Ол Ақадыр кентінде өткізілген «Келіндер сыны» байқауының екінші орын, кенттегі «Екі жұлдыз» жоба байқауының бірінші орын иегері. Айналасына үнемі жылы шашып тұратын аяулы жан отбасының ұйытқысы, адал жар, аяулы ана. Жолдасы Омарбай Қуандық бүгінде Ақшатау кентінің әкімі. Үлкен қызы Әлия 14 жаста. Қарағанды қаласындағы С.Саттаров атындағы №57 мектеп-лицейінің 9 сыныбында оқиды. Оқу үздігі. Республикалық, облыстық және аудандық пәндік байқаулардың жеңімпазы. Кішісі Кеусар 3 жас-та.

Білім саласында едәуір жетістіктерге қол жеткізген Әсем мектептен қол үзгеннен кейін Ақшатау кенті әкімінің аппаратында екі жыл бас маман болып қызмет атқарды. Мемлекеттік қызмет саласында да өзін жақсы қырынан көрсете білді. Ал, қазіргі таңда Ақшатау кентіндегі Мәдениет үйінің меңгерушісі.

Елбасымыз Отанымыздың қуатын арттыратын осындай жан жақты байланыстарды дамыту үшін, әрине, ең алдымен шет тілін білетін мамандар керек деп атап өткен болатын. Мемлекетіміздің тәуелсіздіктің аз ғана уақытында аяғына нық тұруына көп тілді меңгерген жастардың көмегі, қосқан үлесі қомақты. Ендеше, абыйройлы мамандық иелерінің туған еліміздің дамуы жолында алға қойылып отырған жана талап пен міндеттің үдесінен шығарына сенім мол. Иә, ана тілін жетік білетін, әрі бірнеше шет тілін еркін меңгерген тұлға қалыптастыру ісі аса жауапты міндет. Әсем осы жолда әлі де көп еңбек сіңіре беретін болады. Ол мәдениет үйінде өткізілетін іс шараларға да баса көңіл бөліп, тіл мерекелеріне едәуір тиянақты әзірлене біледі. Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибе жүзінде іске асыруға бүгінде белсене кірісіп отыр.

«Тіл тағдыры - ел тағдыры» екендігін жадымызда ұстай отырып, ел бірлігінің негізі- тіл бірлігіне қол жеткізу жолында ұрпағымыздың қазақ тіліне деген сүйіспеншілігін, сондай-ақ, өзге тілдерді оқып білуге деген қызығушылығын арттыру арқылы Отанға деген махаббатын оятып, өз тағдырын ел тағдырымен мәңгілікке байланыстыратын ұрпақ болып қалыптасуына қол жеткізуге аянбайық дегім келеді.

Салтанат ЖОСАЛБАЙ.

2017 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН АУДАНДЫҚ БЮДЖЕТ

Table with 3 columns: Санаты, Сыныбы, Атауы, Сомасы. It lists various budget categories and their corresponding amounts.

Table with 3 columns: Санаты, Атауы, Сомасы (мың теңге). This is a detailed breakdown of the budget items, including functional groups and specific programs.

Table with 3 columns: Санаты, Сыныбы, Атауы, Сомасы. This table provides a summary of the budget items, including functional groups and specific programs.

РАЙОННЫЙ БЮДЖЕТ НА 2017 ГОД

Table with 5 columns: Категория, Класс, Подкласс, 1, 2, 3, 4, Сумма. It shows the regional budget breakdown by category and class.

Table with 4 columns: Функциональная группа, Функциональная подгруппа, Наименование, Сумма (тыс. тенге). This table details the functional groups and subgroups of the budget.

Table with 4 columns: Санаты, Сыныбы, Атауы, Сомасы. This table provides a detailed breakdown of the budget items, including functional groups and specific programs.

Жалғасы келесі сандарда.

«ҚазАгро» ұлттық холдингі егістік жұмыстарын қаржыландыру мен кооперативтер құруды талқылады

2016 жылы көктемгі-егіс жұмыстарын жүргізу үшін қазақстандық фермерлер қаржыландырудың бірнеше құралдарын пайдалана алады. Бұл туралы Солтүстік-Қазақстан облысының ауылшаруашылық тауар өндірушілерімен кездесу кезінде «ҚазАгро» ұлттық холдингінің өкілдері айтты.

Алдағы егістік науқанды өткізуге және жалпы көктемгі-егіс жұмыстары барысында республиканың аграрларын қолдауға «ҚазАгро» ұлттық холдингі 60 млрд теңге бюджеттік несие қаражатын бағыттауды жоспарлайтын атап өтті.

Бұл жағдайда фермерлер үшін соңғы ставка жылдық 5 пайызды құрайды. АНҚ желісі бойынша шаруалар несие Несие серіктестіктері және шағын қаржы ұйымдары арқылы да ала алады.

Қаржыландырудың басқа құралы - ӘТК кепілдігі арқылы «ҚазАгроның» басқа еншілес компаниясы - «Азық-түлік корпорациясы» ҰК» АҚ арқылы бидай мен арпаны форвардтық сатып алу.

«ҚазАгро» холдингі» АҚ Баспасөз қызметі.

## Еске алу

«Жазмыштан озмыш жоқ» деп тегін айтылмаған. Үңірек ауылының тумасы, ардақты да, аяулы анамыз **Дәметкен Түсіпованың** фәни дүниеден бақиға озғанына ақпан айының 20 жұлдызында 40 күн толады. Аяулы анамыз әкемізбен тұрмыс құрып, 8 баланы өмірге әкеліп, тұмсықтыға шоқыттырмай, қанаттыға қақтырмай өсіріп тәрбиеледі. Ата-анамыз ауыл аймаққа, ағайын-туысқа, көрші-қолаңға сыйлы болып, тату-тәтті өмір сүрді. Алтын анамыз біздердің панамыз, қамқоршымыз, тірегіміз еді. Аман не? Жүрегі мейірім мен жылылыққа толы аяулы анамыздан айырылып қалдық. Анамызға дұға бағыштап, пейіштің төрінен орын бұйыртып, Алладан рахмет, пайғамбардан шапағат тие берсін.



Өзіңіз кеткелі өмірдің ұқтық бекерін,  
Өзіңіз кеткелі көз жасқа толды етегім.  
Дұға бағыштап жырымызды енді арнаймыз,  
Білеміз ана, жұмақта сенің мекенің.

Кене алмай жүрміз өмірде сенің жоғыңа,  
Алаңдаушы едің әркез де біздің жолымызға.  
Басына барып егіліп-жылап қайтармыз.  
Келері осы балалардың бейбақ қолынан.

Қамығып жүрміз, торығып жүрміз, жабығып,  
Артыңда қалдық қайғыны тон қып жамылып,  
Соңғы рет иіскеп баса алмадық- ау мауқымызды,  
Бір сәтке болса да сағынышымызды басып ап.

Өртеніп өзек, сағынып қалдық өзіңді,  
Сағындық, ана, мейірімге толы көзіңді.  
Салмағымыз салған аз болмады өзіңізге,  
Жер таппай қояр кінәлап жүрміз өзімізді.

Аяулы ананы сағынышпен еске алушылар: **балалары, бауырлары, немелері.**

Марқұм анамыздың 40 күндік асы ақпан айының 20 жұлдызында Үңірек (Шет совхозы) ауылындағы мешітке сағат 11.00 ден бастап беріледі. Рухына дұға бағыштап оқылатын асқа ағайын-туысты, құда-жекжатты, көрші-қолаңды, анамызды танитын барша жамағатты шақырамыз.

## Абайлаңыз тұмау

### ДОҢЫЗ (ШОШҚА) ТҰМАУЫ

Тұмаудың белгісі білінсе дереу дәрігерге қаралыңыз.

Тұмаудың жаңа вирусы өте қауіпті, адамнан адамға жұғады, дәрігерге кешігіп қаралған жағдайда өліммен аяқталуы мүмкін.

Өзіңіздің денсаулығыңызды, туыстарыңыздың және жақындарыңыздың денсаулығын доңыз тұмауының жаңа түрін жұқтырудан қорғау үшін төмендегідей қарапайым ережелерді естеріңізде сақтаңыздар.

1. Егер Сіз немесе Сіздің туыстарыңыз жақын арада тұмаудың жаңа түрі тіркеліп жатқан қолайсыз мемлекеттерге барып қайтса және сіздер өздеріңізді нашар сезінсеңіздер дәрігерге көрініңіздер.

2. Жіті респираторлық аурудың белгілері пайда болғанда (дене қызуының көтерілуі, жөтел, тамақ-жұтқышшақ жолдарының, бас және бұлшық еттің аурулары, кейде құсу және іші өтуі) тез арада дәрігерге көрініңіздер.

3. Егер Сізде немесе Сіздің баланызда тұмаудың белгілері пайда болса:

а) дәкелік бетперде (маска) киіңіз-тұмау қоздырғышы ауа арқылы таралады, айналадағы адамдарға жұқтырмаңыз;

б) тұмаудың алғашқы белгілері пайда бола бастағаннан бастап үйде 7 күнге дейін қалуға тырысыңыз және төсек режимін сақтаңыз;

в) басқа да адамдардың баратын бұқаралық орындарына барудан бас тартқаныңыз жөн, науқас балаларыңызды мектепке, балалар бақшасына жібермеңіз және дәрігер шақырыңыздар.

4. Өздігінен емделмеуге тырысыңыз. Вирусқа қарсы дәрі-дәрмек ішуден бұрын дәрігермен ақылдасқаныңыз жөн болады.

5. Қолды сабынмен жиі жуу немесе спиртті сұйықпен сүрту өсіресе, ги-

гиеналық салфетқаларды (беторамал) пайдаланғаннан кейін немесе қолға түшкіргенде (жетелгенде) тұмау қоздырғышын таратуға жол бермейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы туристерге жаңа тұмау бойынша қолайсыз елдерге барудан бас тартуға ұсыныс береді. Егер сіз шетелдік туристік сапарға шығуды жоспарлаған болсаңыз онда жақын арадағы санитарлық-эпидемиологиялық қызметтік мекемелерінен елдің немесе оның бөлек аудандарында жаңа тұмаудан аман екенін анықтап алыңыз. Мүмкіндігінше бұл аймақтарға баруды шектеңіз.

6. Шошқа етін жеп, тұмауды жұқтырған адам дүние жүзінде тірекекелген емес. Жақсылап қайнатылған (қуырылған) шошқа еті қауіпсіз.

#### Құрметті азаматтар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Денсаулық сақтау Министрлігімен біздің елде жаңа тұмаудың таралуын болдырмау үшін барлық қажетті шаралар қолданылып жатыр. Қазақстанда жаңа тұмау бойынша қолайсыз мемлекеттерге барып қайтқан Қазақстан азаматтарына және шетелдік азаматтарға қатаң бақылау енгізілген, медицина қызметкерлері қажетті көмек көрсетуге дайын. Елімізде вирусқа қарсы қажетті барлық дәрі-дәрмектер және зертханалық жағдайда вирусты анықтау мүмкіншіліктері бар.

Өзіңіздің денсаулығыңызға, жақындарыңыз бен туыстарыңыздың денсаулығына сақ болыңыздар. Тұмаудың белгілері пайда болған жағдайда жедел дәрігерге қаралыңыз!

**А.СУЛЕЙМЕНОВ,  
жұқпалы аурулар дәрігері.**

### ПРИЗНАКИ СВИНОГО ГРИППА

1. Очень резкое начало с тяжелой интоксикацией. То есть с утра все было хорошо, а вечером человек, что называется, свалился. И с каждым часом ему все хуже.

2) Высокая температура, выше 38,5 гр.

3) "Лающий" сухой кашель.

4) Резкая головная боль, раздражительная реакция на свет, шум.

5) ломота во всем теле.

6) Боль за грудиной- кажется, будто что-то сдавливает легкие.

7) Из -за интоксикации возможна рвота. Насморк наблюдается довольно редко (менее чем в 50 % случаев), конъюнктивит-еще реже (около 10 % случаев).

**А.СУЛЕЙМЕНОВ,  
врач инфекционист.**

## ЖҰРТШЫЛЫҚ НАЗАРЫНА!

Ауданымызда XII "Қарлы қыс-2016" спартакиада бағдарламасы аясында қысқы спорт түрлерінен спорттық жарыстар өтеді.

Ақпанның 10-да Ақадыр кентінде допты хоккейден, 12-ші ақпанда Ақсу-Аюлы ауылында Президенттік қысқы көпсайыс, шаңғы эстафетасы, конькимен сырғанаудан спортшылар бәсекеге түседі.

Қысқы спорт түрлері бойынша өтетін спорттық жарыстарды тамашалауға шақырамыз.

## ЖАРАМСЫЗ ДЕП САНАЛСЫН

Шабденов Ержан Рыскулының атына 04.04.1996 жылы берілген №55 үйдің сату-сатып алу келісім шарты жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

№0007

Муталипова Перизат Газизовнаның атына 2013 жылы Жарық орта мектебінен 11 жылдықты бітіргені жөнінде берілген ЖОБ 0649611 аттестаты жоғалғандықтан жарамсыз деп саналсын.

№0005

## ХАБАРЛАНДЫРУ

04.09.2015 жылы қайтыс болған Саудабай Жібектің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Б.Мұхановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Жезқазған көшесі, 17 үй.

№0002

10.07.2014 жылы қайтыс болған Шоланов Орынбай Жаркеновичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

03.09.2015 жылы қайтыс болған Кокжалова Дарияш Сабиоровнаның атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

04.05.2013 жылы қайтыс болған Шамсудинов Галеутдин Хасановичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

11. 09. 2015 жылы қайтыс болған Исанбаев Юрий Мурзахановичтің атына мұрагерлік іс ашылды. Осы іске қатысы бар мүдделі тұлғалар нотариус Г.Сұлтановаға хабарласуға болады. Мекен жайы: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 31 үй.

## Еске алу

Бұрынғы Егіндібұлақ ауданының Қоянды ауылының тумасы, асыл жар, ардақты әке **Рымбаев Рамазан Рымбайұлының** фәниден бақиға озғанына 13-ші ақпан күні 1 жыл толады.

Аяулы әкемізді сағынышпен еске ала отырып, жатқан жері жайлы, қабіріне Алланың нұры жаусын демекпіз.

Амал бар ма жазғанына Алланың, Бар ғұмыры таусылады адамның. Арамыздан алып кетті-ау сұм ажал, Әкемізді, қорған болған баршаның.

Сағынамыз еске алып қашанда,  
Дауа бар ма бұл өмірде ажалға.  
Дұға тілеп, Алладан тілек тілеп,  
Толсын дейміз қабірің шуақ-нұрға.

Еске алушылар: **жұбайы және балалары.**

Марқұмның жылдық асы 13-ші ақпан күні сағат 13.00-де Қарағанды қаласындағы облыстық орталық мешітке беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, тілеулес ағайын, дос-жарандарды шақырамыз.



## Еске алу

Ақсу-Аюлы ауылының тумасы болған, асыл бауырымыз, ардақты әке **Ибраев Мейрам Қалтайұлының** өмірден озғанына 13-ші ақпан күні 40 күн толып отыр. Күні кеше ғана ортамызда жүрген ақ көңіл, жаны жайсаң бауырымыздың орны ойсырап қалғаны жанымызға қатты батты. Ардақты жанды сағына еске алып, жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп, әруағына дұға бағыштаймыз.

Сенім артып жүруші ең таңдарыңа,  
Не шара бар тағдырдың салғанына.  
Көре алмадың қызығын бұл жалғанның,  
Жете алмадың көптеген арманыңа.

Қайғысымен сұм тағдыр сынаққа алды,  
Артыңда туғандарың жылап қалды.  
Дұға оқып отырмыз, тілек қылып,  
Болсыншы деп жұмақтан тұрақ мәңгі.

Еске алушылар: әкесі - **Қалтай**, анасы - **Нұра**, апа-жездесі - **Таймас-Жұмакүл**, аға-жеңгелері - **Сәкен-Марал, Ерлан-Баян, Нұрлан-Гүлсара**, қарындасы-күйеубаласы - **Төлеубай-Ләззат**, жұбайы - **Гүлбану**, балалары - **Мадияр, Шолпан, Адай, Қызғалдақ, іні-қарындастары, бауырлары.**

Марқұмның 40 күндік асы 13-ші ақпан күні "Тілек" дәмханасында сағат 13.00-ден бастап беріледі.

Бір себептерге байланысты хабарласа алмаған жағдайда осы хабарлама бойынша туған -туысты, құда-жекжатты, ауыл тұрғындарын, жора-жолдас-тарды, қайғымызға ортақ болған қауымды 40 күндік асына шақырамыз.

№0003

## Еске алу

Қарағанды қаласының тұрғыны болған, Қармыс ауылының тумасы, сүйікті ұл, сүйкімді бауыр **Байеділов Ерхан Рымқұлұлының** өмірден озғанына 2016 жылдың наурыз айында 1 жыл толады.

Ардақты ұл, сүйікті бауырымызды сағынышпен еске ала отырып, топырағы торқа, жаны жәннатта, рухы пейіштің төрінде болып, қабіріне Алланың нұры жаусын деп тілейміз.

Ортамыздағы бәйтерек едің,  
Мезгілсіз солып құладың.  
Үмітіміз ең, тірегіміз ең,  
Ендің не амал қыламыз?!

Жазуға шіркін, не шара бар,  
Қайғырдық қатты жыладың.  
"Тәуба" деп сонсоң сонында қалған,  
Жалғыз қызына ғұмыр сұрадық.

Еске алушылар: ата-анасы - **Рымқұл-Жазира**, қызы - **Кәусар, бауырлары, Байеділовтер әулеті.**

Марқұм ұлымыздың жылдық асы ақпан айының 26-27 күндері сағат 11.00-ден бастап Қармыс ауылында үйде беріледі.

Асқа туған-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, ұлымыздың дос-жарандарын, барша жамағатты шақырамыз.

№0001

## СЧИТАТЬ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНЫМ

Утеряны печать врачебной амбулатория "Красная поляна", штамп ВА "Красная поляна" Шетского ЦРБ, личная печать врача Улановой. Е.С

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

Продаю железно-дорожный тупик.  
Тел: 8-701-760-59-48.  
п.Агадырь.

№0001



**ТЕЛЕБАҒДАРЛАМА 8-ақпаннан 14-ақпанға дейін**

ДҮЙСЕНБІ, 8-ақпан	Хабар	Евразия
<p><b>Қазақстан</b></p> <p>7.00 Таңшолпан. 8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 0.00, 3.00 KazNews.</p> <p>10.00 Апта.kz. 11.05 Дара жол.</p> <p>12.30 Ақсауыт. 13.00 Бірге таңдаймыз.</p> <p>14.10, 22.00 «Келін», т/х.</p> <p>15.00 Әйел бақыты.</p> <p>16.05, 18.35 «Жүрегім сізге аманат», т/х.</p> <p>17.00 Менің Қазақстаным.</p> <p>17.50 Халықтық экономика.</p> <p>18.05, 1.40 «Бүгінгі күннің батырлары».</p> <p>18.15 Өзгерген өңір. 20.20 «Серпіліс».</p> <p>21.05 «Шырғалаң», т/х.</p> <p>22.50 Түнгі студияда.</p> <p>23.20, 1.15 Футзал.Euro-2016.</p> <p>1.20 Sport.kz.</p>	<p>7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн.</p> <p>10.00 Жеті күн. 11.00 Экономкласс.</p> <p>11.10 М/ф. 12.25, 0.55 «Сотка жеткізбей».</p> <p>13.00, 15.00, 16.00, 17.00, 20.00, 21.00, 23.50, 1.25 Жаңалықтар, новости.</p> <p>13.15 Т/с «Условия контракта».</p> <p>14.10 Т/с «Гречанка».</p> <p>15.15 Бармысың, бауырым?</p> <p>16.15 «Өмір сабақтары», д/ф.</p> <p>17.15 Т/с «След». 17.55 Орталық хабар.</p> <p>19.00 ТВ-Бинго. 19.55, 23.45 Негізінде...</p> <p>20.30 Арнайы хабар.</p> <p>20.55, 0.20 По сути. 21.30 Т/с «Осколки».</p> <p>22.30 Жекпе-жек. 23.15 Бетпе-бет.</p>	<p>6.05 Жить здорово!</p> <p>7.15, 3.15 Сапа бақылауда.</p> <p>8.00 Доброе утро.</p> <p>11.00 Жди меня.</p> <p>11.55 «Басты патруль».</p> <p>12.05, 21.00 «Сүйген жар», т/х.</p> <p>13.00 Әйел сыры.</p> <p>13.55, 23.35 П@утіна.</p> <p>14.20 Т/с «Станица».</p> <p>15.15 Первые новости.</p> <p>15.40 Судебные истории.</p> <p>16.45 Давай поженимся.</p> <p>17.50 Путь говорят.</p> <p>18.55 Т/с «Золотая клетка».</p> <p>22.45 «Джодха және Ақбар».</p> <p>0.00 Время. 0.30 Т/с «Мажор».</p> <p>1.40 П@утіна+.</p> <p>2.30 Т/с «Я приду сама».</p> <p>3.40 Контрольная закупка.</p>

СЕЙСЕНБІ, 9-ақпан	Хабар	Евразия
<p><b>Қазақстан</b></p> <p>7.00 Таңшолпан.</p> <p>8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 1.20 KazNews.</p> <p>10.00, 21.05 «Шырғалаң», т/х.</p> <p>10.50 «Сұңқар», т/х.</p> <p>11.45, 20.20 Айтуға оңай...</p> <p>12.30 «Ғасырлар үні», д/ф.</p> <p>13.00 Бірге таңдаймыз.</p> <p>14.10, 22.00 «Келін», т/х.</p> <p>15.00 Әйел бақыты.</p> <p>16.05, 18.35 «Жүрегім сізге аманат», т/х.</p> <p>17.05 Sport.kz. 17.55 Қылмыс пен жаза.</p> <p>18.15 М/ф.</p> <p>22.50 Түнгі студияда.</p> <p>23.20 Футзал. Euro-2016.</p>	<p>7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн.</p> <p>10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 16.00, 17.00, 20.00, 21.00, 0.20, 1.55 Жаңалықтар, новости.</p> <p>10.10, 21.30 Т/с «Осколки».</p> <p>11.10, 11.20 М/ф.</p> <p>11.45, 1.25 Сотка жеткізбей</p> <p>12.15, 19.15 «Тракторшының махаббаты».</p> <p>13.15 «Условия контракта», т/с.</p> <p>14.10 Т/с «Гречанка».</p> <p>15.10 «Сүйген жарым», т/х.</p> <p>16.15 Біздің үйі. 17.15, 22.30 Т/с «След».</p> <p>17.55 Тағдыр жолы.</p> <p>18.25 «Бауыржан Момышұлы», т/х.</p> <p>19.55, 0.15 Негізінде...</p> <p>20.30 Бюро расследований.</p> <p>20.55, 0.50 По сути.</p> <p>23.15 Бетпе-бет.</p> <p>23.45 Арнайы хабар.</p>	<p>6.00, 7.00, 7.55, 20.00, 22.00 Жаңалықтар, новости.</p> <p>6.05 Жить здорово!</p> <p>7.15 Сапа бақылауда. 8.00 Доброе утро.</p> <p>11.00 Т/с «Одинокий волк».</p> <p>11.55 Басты патруль.</p> <p>12.05, 21.00 «Сүйген жар», т/х.</p> <p>13.00, 3.15 Ашығын айтқанда.</p> <p>13.55, 23.35 П@утіна.</p> <p>14.20 Т/с «Станица».</p> <p>15.15 Первые новости.</p> <p>15.40 Судебные истории.</p> <p>16.45 Давай поженимся.</p> <p>17.50 Путь говорят.</p> <p>18.55 Т/с «Золотая клетка».</p> <p>22.45 «Джодха және Ақбар».</p> <p>0.00 Время. 0.30 Т/с «Мажор».</p> <p>1.40 П@утіна+.</p> <p>2.30 Т/с «Я приду сама».</p>

СӨРСЕНБІ, 10-ақпан	Хабар	Евразия
<p><b>Қазақстан</b></p> <p>7.00 Таңшолпан. 8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 0.00, 3.00 KazNews.</p> <p>10.00, 21.05 «Шырғалаң», т/х.</p> <p>10.50, 0.50 «Сұңқар», т/х.</p> <p>11.45, 20.20 Айтуға оңай...</p> <p>12.30 «Ғасырлар үні», д/ф.</p> <p>13.00 Бірге таңдаймыз.</p> <p>14.10, 22.00 «Келін», т/х.</p> <p>15.00, 1.35 Әйел бақыты.</p> <p>16.05, 18.35 «Жүрегім сізге аманат», т/х.</p> <p>17.00 Жарқын бейне.</p> <p>17.55 «Табыс сыры».</p> <p>18.15 М/ф.</p> <p>22.55, 2.30 Түнгі студияда.</p> <p>23.30 Астана – қаржы орталығы.</p>	<p>7.02 Білгенге маржан. 8.00 Жаңа күн.</p> <p>10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 16.00, 17.00, 20.00, 21.00, 0.05, 1.55 Жаңалықтар, новости.</p> <p>10.10, 21.30 Т/с «Осколки».</p> <p>11.10, 11.20 М/ф.</p> <p>11.45, 1.40 «Сотка жеткізбей», д/ф.</p> <p>12.15, 19.10 «Тракторшының махаббаты».</p> <p>13.15 Т/с «Условия контракта».</p> <p>14.10 Т/с «Гречанка».</p> <p>15.10 «Сүйген жарым», т/х.</p> <p>16.15 Біздің үйі.</p> <p>17.15, 22.30 Т/с «След».</p> <p>17.55 Тур де Хабар.</p> <p>18.25 «Бауыржан Момышұлы», т/х.</p> <p>19.55, 0.00 Негізінде...</p> <p>20.30 «Қайсар жандар».</p> <p>20.55, 0.35 «По сути». 23.30 Бетпе-бет.</p> <p>1.10 «Арман қанатында».</p>	<p>6.00, 7.00, 7.55, 20.00, 22.00 Жаңалықтар, новости.</p> <p>6.05 Жить здорово! 7.15 Сапа бақылауда.</p> <p>8.00 Доброе утро.</p> <p>11.00 Т/с «Одинокий волк».</p> <p>11.55 Басты патруль.</p> <p>12.05, 21.00 «Сүйген жар», т/х.</p> <p>13.00, 3.15 Ашығын айтқанда.</p> <p>13.55, 23.35 П@утіна.14.20 Т/с «Станица».</p> <p>15.15 Первые новости.</p> <p>15.40 Судебные истории.</p> <p>16.45 Давай поженимся.</p> <p>17.50 Путь говорят.</p> <p>18.55 Т/с «Золотая клетка».</p> <p>22.45 «Джодха және Ақбар».</p> <p>0.00 «Время». 0.30 Т/с «Мажор».</p> <p>1.40 П@утіна+.</p> <p>2.30 Т/с «Я приду сама».</p>

БЕЙСЕНБІ, 11-ақпан	Хабар	Евразия
<p><b>Қазақстан</b></p> <p>7.00 Таңшолпан.</p> <p>8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 0.00, 3.00 KazNews.</p> <p>10.00, 21.05 «Шырғалаң», т/х.</p> <p>10.50 «Сұңқар», т/х.</p> <p>11.45, 20.20 Айтуға оңай...</p> <p>12.30 «Ғасырлар үні», д/ф.</p> <p>13.00 Бірге таңдаймыз.</p> <p>14.10, 22.00 «Келін», т/х.</p> <p>15.00 Әйел бақыты.</p> <p>16.05, 18.35 «Жүрегім сізге аманат», т/х.</p> <p>17.00 «Үш тұғырды тіл».</p> <p>17.55 «Қорғаныс қуаты», д/ф.</p> <p>18.15 М/ф. 22.50 Түнгі студияда.</p> <p>23.30, 1.50 Футзал.</p>	<p>7.02 Бұйымтай. 8.00 Жаңа күн.</p> <p>10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 16.00, 17.00, 20.00, 21.00, 23.55, 2.00 Жаңалықтар, новости.</p> <p>10.10, 21.30 Т/с «Осколки».</p> <p>11.10, 11.20 М/ф.</p> <p>11.45, 1.30 Сотка жеткізбей.</p> <p>12.15, 19.10 «Тракторшының махаббаты».</p> <p>13.15 «Условия контракта», д/с.</p> <p>14.10 Т/с «Гречанка».</p> <p>15.10 «Сүйген жарым», т/х.</p> <p>16.15 Біздің үйі.</p> <p>17.15, 22.30 Т/с «След».</p> <p>18.00 Тур де Хабар.</p> <p>18.25 «Бауыржан Момышұлы», т/х.</p> <p>19.55, 23.50 Негізінде...</p> <p>20.30 Тағдыр жолы. 20.55, 0.25 По сути.</p> <p>23.20 Бетпе-бет.</p> <p>1.00 «100 бизнес тарихы».</p>	<p>6.00, 7.00, 7.55, 20.00, 22.00 Жаңалықтар, новости.</p> <p>6.05 Жить здорово! 7.15 Сапа бақылауда.</p> <p>8.00 Доброе утро.</p> <p>11.00 Т/с «Одинокий волк».</p> <p>11.55 Басты патруль.</p> <p>12.05, 21.00 «Сүйген жар», т/х.</p> <p>13.00, 3.15 Ашығын айтқанда.</p> <p>13.55, 23.35 П@утіна.</p> <p>14.20 Т/с «Станица».</p> <p>15.15 Первые новости.</p> <p>15.40 Судебные истории.</p> <p>16.45 Давай поженимся.</p> <p>17.50 Путь говорят.</p> <p>18.55 Т/с «Золотая клетка».</p> <p>22.45 «Джодха және Ақбар».</p> <p>0.00 «Время». 0.30 Т/с «Мажор».</p> <p>1.40 П@утіна+.</p> <p>2.30 Т/с «Марына роща».</p>

ЖҰМА, 12-ақпан	Хабар	Евразия
<p><b>Қазақстан</b></p> <p>7.00 Таңшолпан. 8.00, 9.30, 17.30, 19.30, 0.00, 3.00 KazNews.</p> <p>10.00 «Шырғалаң».</p> <p>10.50, 0.45 «Сұңқар», т/х.</p> <p>11.45, 20.15 Айтуға оңай...</p> <p>12.30 «Ғасырлар үні», д/ф.</p> <p>13.00 Бірге таңдаймыз. 14.10, 22.10 «Келін».</p> <p>15.00, 1.25 Әйел бақыты.</p> <p>16.05, 18.35 «Жүрегім сізге аманат», т/х.</p> <p>17.05 Жан жылыуы. 17.55 Иман айнасы.</p> <p>18.15 Баламен бетпе-бет.</p> <p>21.00 Ұлттық шоу. 23.05 Жайдарман.</p> <p>23.30 Сіз не дейсіз? 2.15 Серпіліс.</p>	<p>7.02 Бұйымтай. 8.00 Жаңа күн.</p> <p>10.00, 11.00, 13.00, 15.00, 16.00, 17.00, 20.00, 21.00, 1.50 Жаңалықтар, новости.</p> <p>10.10 Т/с «Осколки». 11.10 М/ф.</p> <p>11.45, 1.20 Сотка жеткізбей.</p> <p>12.15, 19.20 «Тракторшының махаббаты».</p> <p>13.15 «Условия контракта».</p> <p>14.05 Т/с «Гречанка».</p> <p>15.10 «Сүйген жарым», т/х.</p> <p>16.15 «Өмір сабақтары», д/с.</p> <p>16.50 Экономкласс. 17.15 Т/с «След».</p> <p>18.00 «Арман қанатында».</p> <p>18.25 «Бауыржан Момышұлы», т/х.</p> <p>20.30 «Болашақ».</p> <p>21.30 Х/ф «Умница Уилл Хантинг».</p> <p>23.50 «Перекресток в Астане», т/с.</p>	<p>6.00, 7.00, 7.55, 20.00, 22.00 Жаңалықтар, новости.</p> <p>6.05 Жить здорово!</p> <p>7.15 Сапа бақылауда. 8.00 Доброе утро</p> <p>11.00 Т/с «Одинокий волк».</p> <p>11.55 Басты патруль.</p> <p>12.05, 21.00 «Сүйген жар», т/х.</p> <p>13.00, 2.45 Ашығын айтқанда.</p> <p>13.55 Жұма аяғы. 14.10, 1.30 П@утіна.</p> <p>14.35 Первая помощь. 15.15 Первые новости.</p> <p>15.40 Х/ф «Средний род, единственное число». 17.40 Жди меня.</p> <p>18.40 «Автокуш». 18.50 Поле чудес.</p> <p>22.45 «Джодха және Ақбар».</p> <p>23.35 «Золотой граммофон».</p> <p>1.55 Модный приговор.</p> <p>3.30 Т/с «Марына роща».</p>

СЕНБІ, 13-ақпан	Хабар	Евразия
<p><b>Қазақстан</b></p> <p>7.00 Концерт. 8.00 «Айналайын», т/х.</p> <p>8.35 Агробизнес. 9.00 «Сенбілік таң».</p> <p>10.05 Дауа. 10.35 Әзіл әлемі.</p> <p>12.30 Ас болсын! 13.15 Табыс сыры..</p> <p>13.30 «Қоныр әуен».</p> <p>14.20 «Күтқарушы», т/х.</p> <p>18.40 «Өмірдің өзі новелла», т/х</p> <p>19.30, 1.20 KazNews. 20.05 Үздік әндер.</p> <p>21.00 Дара жол. 22.35 Өнер қырандары.</p> <p>23.20, 1.50 Футзал.</p>	<p>7.02 Тамаша. 8.15 Әсем әуен.</p> <p>8.40 Бармысың, бауырым.</p> <p>9.25 Продвопрос.</p> <p>9.45 Тур де Хабар.</p> <p>10.15 М/ф.</p> <p>13.00 Х/ф «Король Дроздобород».</p> <p>14.00 Орталық хабар.</p> <p>15.10 Жеті ән.</p> <p>16.30 «Қара шаңырақ», к/ф.</p> <p>18.05 «Күзгі әуен» ән кеші.</p> <p>19.45 Бенефис-шоу.</p> <p>21.00 Жеті күн.</p> <p>22.00 Х/ф «Охотник на лис».</p> <p>0.20 Т/с «Перекресток в Астане».</p> <p>1.50 «Қамар сұлду» спектаклі.</p>	<p>6.00, 23.10 Новости, жаңалықтар.</p> <p>6.05, 3.00 Т/с «Марына роща».</p> <p>8.00, 4.30 Таңғы пошта.</p> <p>8.35 П@утіна. 9.00 Смак.</p> <p>9.40 Х/ф «Любовник для Люси».</p> <p>11.35 Фабрика грез.</p> <p>12.00, 1.50 Әйел сыры.</p> <p>13.00, 2.40 «101 кеңес».</p> <p>13.25 П@утіна+.</p> <p>14.25 «Золотой граммофон».</p> <p>16.15 Добрый вечер, Казахстан!</p> <p>17.20, 21.00 Х/ф «Врачиха».</p> <p>20.00 Первая программа.</p> <p>22.00 Кешкі кездесу.</p> <p>23.50 Т/с «Клим».</p>

ЖЕКСЕНБІ, 14-ақпан	Хабар	Евразия
<p><b>Қазақстан</b></p> <p>7.00 Концерт. 8.30, 3.10 «Айналайын», т/х.</p> <p>9.00 Ақсауыт.</p> <p>9.30 Бүгін жексенбі. 11.05 М/ф.</p> <p>12.40, 2.20 «Өмірдің өзі новелла», т/х.</p> <p>13.30 Келбет.</p> <p>14.00 «Сөздің пірі Сүйінбай».</p> <p>14.20 «Күтқарушы», т/х.</p> <p>18.40 Әзіл әлемі. 20.00, 1.20 Апта.kz.</p> <p>21.00 «Әндер мен жылдар», концерт.</p> <p>23.30 Х/ф «Жерұйық».</p> <p><b>Хабар</b></p> <p>7.02 Тамаша. 8.30 Жеті күн.</p>	<p>9.00 Айбын. 10.00 Ас арқау.</p> <p>10.25 Тур де Хабар.</p> <p>10.55 М/ф.</p> <p>12.30 Х/ф «Румпельштигдихен».</p> <p>13.30 Бенефис-шоу.</p> <p>14.45 Х/ф «Лотерея».</p> <p>16.25 «Мен ғашықпын» концертті.</p> <p>18.30 «Қызықtimes».</p> <p>19.45 Ду-думан.</p> <p>21.00 Жеті күн.</p> <p>22.00 Х/ф «Прощай, детка, прощай».</p> <p>0.00 Т/с «Перекресток в Астане».</p> <p>1.30 «Күзгі романс» спектаклі.</p> <p><b>Евразия</b></p> <p>6.00, 7.50 Жаңалықтар, новости.</p> <p>6.05, 4.20 «Марына роща», т/с.</p>	<p>8.25 П@утіна.</p> <p>8.45 Воскресные беседы.</p> <p>9.00 Здоровье.</p> <p>10.10 Казлото.</p> <p>10.50 «Анна Герман. Дом любви и солнца».</p> <p>12.00 Әйел сыры.</p> <p>13.00, 3.15 «101 кеңес».</p> <p>13.25 Кешкі кездесу.</p> <p>14.25 «Золотой граммофон».</p> <p>16.15 Добрый вечер, Казахстан!</p> <p>17.20, 21.00 Х/ф «Врачиха».</p> <p>21.00 Аналитика.</p> <p>22.00, 2.30 П@утіна+.</p> <p>22.55, 3.35 Өн дария.</p> <p>23.45 Без страховки.</p>

**2016 ЖЫЛДЫҢ І ТОҚСАНЫНДА ШЕТ АУДАНЫНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІП БӨЛІМІНДЕ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Аты-жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Байланыс тел.
Мұхтаров Мұхит Сайлауұлы	басшы	аптаның барлық жұмыс күндері сағ. 15.00-19.00-ге дейін	21-2-14, 22-1-42

«Шет ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесі мына мекен-жайда орналасқан: Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 10.

Шет ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде **21-2-14** сенім телефоны орнатылған. Сенім телефонының жұмыс істеу уақыты **сағат 09.00-19.00 аралығы**.

Бөлімде мемлекеттік қызметкерлердің Ар-намыс Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы және жемқорлыққа қарсы күрес заңнамаларын бұзғандығы туралы хабарлауыңызға болады.

**2016 ЖЫЛҒЫ І ТОҚСАНЫНДА ШЕТ АУДАНДЫҚ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ БАСҚАРМАСЫНДА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ**

Аты -жөні	Лауазымы	Қабылдау уақыты	Байланыс телефоны
Мұқашев Қадыр Қанапияұлы	Басқарма басшысы	Әр аптаның дүйсенбі күндері 14.30-18.00-ге дейін	2-74-35

Шет аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы РММ мына мекен жайда орналасқан: Шет ауданы, Ақадыр кенті, Абай даңғылы, 59.

Басқармада мемлекеттік қызметкерлердің Ар-намыс Кодексін және «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарын бұзғаны туралы ақпаратты хабарлауға **сағат 9.00-18.30-ға дейін 2-74-35 «Сенім телефоны» жұмыс істейді**.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі өңірлерде телефон арқылы жедел консультациялық-психологиялық көмек көрсету үшін, оның ішінде қатыгездік пен балаларға қарсы зорлық көрсету жағдайында сенім телефонының жұмысын жандандыру тапсырылған. Бүгінгі таңда сенім телефонымен көмек көрсету бүкіл әлемге өте танымал. Сенім телефондары өмірдің қиын жағдайына тап болған балаларға, жасөспірімдерге және ата-аналарға жедел кеңес беретін, психологиялық қолдау көрсетуге арналған қызмет, сондай-ақ балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерінде қосымша көмек көзі болып табылатынын атап өткен жөн. Осы мақсатта аудандық білім бөлімінде, білім беру ұйымдарында «сенім телефондары» орнатылған.

**ШЕТ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ «СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАР» ТІЗІМІ**

№	Мекеме атауы	Елді мекен	Телефон №
1	Аудандық білім бөлімі	Ақсу-Аюлы ауылы	50-0-55
<b>Мектеп-гимназиялар, лицей, орта мектептер</b>			
2	Б.Алтынсарин МГ	Ақсу-Аюлы ауылы	21-5-39
3	Ж.Ақылбаев МГ	Ақсу-Аюлы ауылы	21-2-03
4	Ю.Гагарин МЛ	Ақадыр кенті	9-27-5-63
5	М.Маметова ОМ	Ақадыр кенті	9-2-70-97
6	Ә.Ермеков ОМ	Ақадыр кенті	9-2-85-90
7	Мойынты ОМ	Мойынты стансасы	9-61-2-80
8	С.Мұхамеджанов ОМ	Киікті ауылы	9-64-3-09
9	Босаға ОМ	Босаға ауылы	9-2-70-31
10	Көктіңкөлі ОМ	Көктіңкөлі ауылы	9-26-2-72
11	Х.Сәрінжіпов ОМ	Т.Қайрақты ауылы	9-25-2-86
12	Абай ОМ	Жұмыскер ауылы	9-25-3-30
13	Жарық ОМ	Жарық станциясы	34-24-3-78
14	Бұрма ОМ	Бұрма ауылы	34-35-3-10
15	Красная поляна ОМ	Красная поляна ауылы	871059-53-3-30
16	Ақой ОМ	Ақой ауылы	34-34-6-05
17	Батық ОМ	Батық ауылы	34-36-2-90
18	Еркіндік ОМ	Еркіндік ауылы	34-40-0-02
19	Сәкен ОМ	Өспен ауылы	34-40-1-19
20	Талды ОМ	Талды ауылы	50-6-98
21	Нураталды ОМ	Қошқарбай ауылы	31-6-02
22	Қызылқой ОМ	Қызылқой ауылы	31-5-46
23	Шет ОМ	Үңірек ауылы	32-2-36
24	Дәрия ОМ	Дәрия станциясы	34-61-2-90
25	Нұра ОМ	Кеншоқы ауылы	50-1-46
26	Ш.Батталова ОМ	Ақжал кенті	37-1-37
27	Ш.Уәлиханов ОМ	Ақшатау кенті	9-24-5-49
<b>Негізгі мектептер</b>			
1	Қызылтау НМ	Ақшоқы ауылы	36-6-16
2	Ж.Алтайбаев НМ	Жарылғап батыр ауылы	9-51-4-18
3	Ортау НМ	Ортау ауылы	9-5-15-28
4	Ақбауыр НМ	Ақбауыр ауылы	36-6-41
5	Қызылту НМ	Қызылту ауылы	9-50-5-32
6	Әлихан НМ		

## Құттықтаймыз!

Ұлағатты ұстаз, асыл жар, аяулы ана, қамқор әже, Ортау ауылының тұрғыны **Мусина Мариғаш Өмірсерікқызын** ақпанның 10-шы жұлдызында 58 зейнеткерлік жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз.

Мариғаш Өмірсерікқызы 1983 жылдан бері Ортау мектебінде ұстаздық етіп келеді. 2001-2011 жылдар аралығында Ортау орта мектебінің директоры қызметін үлкен абыроймен атқарды. Отбасында жан жары Сәттібай Мұсаұлы екеуі 3 бала тәрбиелеп өсірді. Бүгінде Мариғаш Өмірсерікқызы немерелерін тәрбиелеп отырған қамқор әже. Сізге зор денсаулық, отбасыңызға амандық тілей отырып, мына өлең жолдарын арнаймыз.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,  
Өрқашанда ашық болсын жолыңыз.  
Бала-шаға қызығына кенеліп,  
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.

Мереке күні нұрға толсын жүріңіз,  
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз.  
Құтты болып, зейнет жасқа толған күн,  
Ортамызда аман-есен жүріңіз.

Ақ тілекпен: **Ортау негізгі орта мектебінің ұжымы.**



№0004

## БАЙҚАУ ӨТЕДІ

Аудандық мәдени -сауық орталығы және жастармен жұмыс жасау орталықтарының ұйымдастыруымен аудандық мәдениет үйінде 2016 жылдың ақпан айының 10 - шы жұлдызы күні сағат 11-00 де жас орындаушылар мен шоу - бағдарлама жүргізушілердің аудандық «Жас қанат -2016» байқауы өткізіледі.

Байқауға 18-30 жас аралығындағы жастар қатыса алады. Байқауда бір патриоттық ән немесе Тәуелсіздікке арналған өндер орындалады.

Екінші кезең еркін тақырыпта.

Байқауға қатысам деушілер аудандық мәдениет үйіне хабарласуларыңызды сұраймыз.

## Құттықтаймыз!

Ақсу-Аюлы ауылының тұрғындары, ардақты әкеміз **Нағиметов Мырзақұл** ақпан айының 5-ші жұлдызында 74 жасқа, кішкентай жиеніміз **Сағатжан Медина Мұратқызын** ақпан айының 20-шы жұлдызында 5 жасқа толғанып туған күндерімен құттықтаймыз.

Сондай-ақ, аяулы анамыз **Жақсылықова Тілеубала** наурыз айының 8-ші жұлдызында 60 жасқа толады.

Құтты болсын әкетай 74 деген жасыңыз,  
Әлі талай асулардан асыңыз,  
Өрен-жаран қызығына кенеліп,  
Қуаныштан тау суындай тасыңыз.

Ана-ұлы күдірет қой не деген,  
Ұрпақтарын ұлағатқа бөлеген.  
Камсыз қарттық құшағында бола бер,  
Қызық сыйлап балалар мен немерен!



Өмірдегі ең қымбатты аяулы жандар әкеміз бен анамызға, сүйікті жиенімізге адал пейілмен мықты денсаулық, сарқылмас қуаныш, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Игі тілекпен, құттықтаушылар: балалары - **Нүркелді, Думан, Нүргүл, Жадыра.**

№0004

## Мектептерден хабар

## ТӘУЕЛСІЗ ЕЛГЕ - БІЛІМДІ ҰРПАҚ

XXI-ғасыр-білім беру жүйесін ақпараттандыру ғасыры. Сол себепті де, әрбір мұғалім қазіргі заман талабына сай оқыту мен тәрбиенің жаңа түрлерін игеріп, кәсіби шеберлікті ұштап отыру керек.

Соның айғағындай жақында Еңбекшіл бастауыш мектебінде «Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру негізі» атты аудандық семинар өтті. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Республикасының білімді дамыту тұжырымдамасында білім берудің мақсаты- терең білім, кәсіби дағдылар негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамыту және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан шешім қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру керек деп атап көрсеткен болатын.

Шағын кешенді бастауыш мектептердің бастауыш сынып мұғалімдері арасында іс -тәжірибе алмасу мақсатында бастауыш сынып мұғалімі Қ.Жұмабаева 2-4 сыныптар арасында әдебиеттік оқу пәнінен, мұғалім К.Сапарова 3 сыныптар арасында әдебиеттік оқытудан «Абай шаңырағы» атты ашық сабақтарын өткізді. Сондай-ақ, мұғалім Ж. Молдағұл мектепалды да-

ярық сыныбында сауат ашу, жазу негіздері дәстүрлі ашық сабағын өткізіп, пікір алмасты. Осы семинар барысында мектеп оқушылары ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнап дайындаған «Гүлдене бер, Қазақстан» атты ашық тәрбие сағатын жиналған ұстаздарға арнады. Семинарға ауданға қарасты бастауыш мектептердің директорлары, сынып мұғалімдері мен аудандық

білім бөлімінің әдіскері Баян Шағырова қатысты. Семинар соңында мектеп оқушыларының ел тәуелсіздігіне арнаған шағын қойылымы ұсынылды.

**Г.САҒАДИЕВА,**  
бастауыш мектебінің директоры.



## ІЗГІЛІК АПТАЛЫҒЫ ӨТТІ

Адамның басты байлығы - денсаулық. Денсаулығымыз жақсы болу үшін салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы зор. Тәуелсіз мемлекетіміздің тірегі болар жас ұрпақтың дені сау болса ғана биік шыңдарға қолы жетері, халқына қызмет етері даусыз.

Осы орайда Ақжал кентіндегі Ш.Батталова атындағы орта мектебінде «Ізгілік» бірлестігі апталығының ашылу салтанаты өткізілді. Апталық барысында арнайы жоспар жасалып, жұмыстар атқарылды. Апталық барысында мектеп мұғалімдері М.Алтынбеков, Ж.Жанаманова, М.Бегімов, Н.Әлімқұл, Б.Ибажанов, А.Сағындықовалар әр сыныптар арасында ашық сабақтар өткізді.

Сондай-ақ, апталықта мұғалімдер мен қосалқы қызметкерлер арасында баскетболдан да жарыс болып өтті. Оқушылардың арасында орта буын 5-6 сыныптарда ұлдар мен қыздар арасында пионербол, 7-8 сыныптарда пионербол, 9-11 сы-

ныптар арасында волейболдан жарыс ұйымдастырылды. Екі ауысымда да жәрмеңке өткізіліп, винтовкадан ату жарысы 9-11 сыныптар арасында ойдағыдай жүргізілді.

Сонымен қатар кентте әйелдер арасында волейболдан жарыс өткізіліп, оған мектеп ұстаздары. М.Хамитова, Г.Жакина, Н. Қасымжанова, Ж.Әбілдина,

Г.Исатаева, Б.Әбіловалардың белсенділік танытқанын атап айтуға болады.

**Д.АҚШОЛАҚОВА,**  
Ш.Батталова атындағы мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі .  
Ақжал кенті.



## Құттықтаймыз!

Қызылтау ауылының тұрғыны сүйікті ана, асыл жар, көп жылдар еңбек еткен әріптесіміз, аяулы ұстаз **Садықова Данагүл Адыхайқызын** 58 жасқа және зейнеткерлікке шығуымен құттықтаймыз. Сіз бар күш-қуат жігеріңізді, ақыл-ой парасатыңызды мектеп саласына арнап әріптестер құрметіне бөленген, ұл-қыз тәрбиелеп, немере сүйіп отырған аяулы жансыз. Сіздің еңбек жолыңыз жас ұрпаққа қашанда үлгі-өнеге.

Ардақты жанды мерейлі туған күнімен құттықтай отырып, отбасына амандық, бақыт және отағасы екеуіңіз ұрпақтарыңыздың қызық-қуанышына бөлене беріңіздер дегеніміз. Мына өлең жолдарын сізге арнаймыз.

Үлгі болды әрқашанда көпке ісіңіз,  
Болашақта баянды бақ құшыңыз.  
Шын ниетпен тілейміз құтты болсын,  
Бүгінгі мерейлі туған күніңіз.

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,  
Бақыт болсын әрдайым көргеніңіз.  
Жүзге жетіп баянды ғұмыр кешіп,  
Арта берсін абырой, беделіңіз.

Ақ тілекпен: **Байғозы батыр атындағы мектеп ұжымы.**

№0005



## Құттықтаймыз!

Еркіндік ауылының тұрғыны, нағашымыз **Смағұлов Танат Шамситденұлын** 50 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз.

Зор денсаулық, отбасына береке, бала-шағаға бақыт тілейміз.

Құтты болсын мерейтой 50 жасың,  
Әр уақытта домалап өрге тасың.  
Қосағыңмен қоса ағарып, немере сүй,  
Ешқашанда көңіліңді кір шалмасың.

Тілеріміз ашық аспан, жұлдызды түн,  
Жылдан жылға жақсарып денсаулығың,  
Айбатыңның қызығын қызықтай бер,  
Атанып куәгері алтын тойдың.

Игі тілекпен, жиендері - **Ербол-Индира, Жанат-Шахмарал, Әділет-Арайлым, Мәдина, Томирис, Іңкәр.**

№0004

